CENTERCREDIT




Жылдық есеп 2018

# Мазмұны


| | |
|---|---|
| Глоссарий | 4 |
| Директорлар кеңесінің төрағасы | 8 |
| Банк басқармасының төрағасы | 10 |
| Қысқаша шолу | 12 |
| Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат | 18 |
| ЦентрКредит Банкінің қысқаша тарихы | 24 |
| ҚР макроэкономикасын және банк секторын шолу | 30 |
| Қаржылық қызметтің нәтижелерін шолу | 38 |
| Қызметтің негізгі бағыттарын шолу | 48 |
| Тәуекелдерді басқару жүйесі | 68 |
| Ішкі бақылау және аудит жүйесі | 78 |
| Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат | 82 |
| Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау | 86 |
| Қызметкерлермен жұмыс | 90 |
| Корпоративтік басқару | 94 |
| Еншілес компаниялар | 110 |
| 2019 жылға белгіленген негізгі мақсаттар мен міндеттер | 116 |
| Байланыс ақпараты | 120 |
| Тәуелсіз аудиторлардың есебі | 122 |

# Глоссарий

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **IFC** | (ағылш. International Finance Corporation) – Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК) |
| 2 | **MBA** | (ағылш. master of business administration) – іскерлік әкімгерлік ету магистрі |
| 3 | **NPL** | (ағылш. Non-performing loan) – екінші деңгейдегі банктердің мерзімінен 90 күннен аса уақытқа кешіктірілген қарыздары |
| 4 | **Star Banking** | Интернет желісіне қосылған әртүрлі техникалық құрылғылардың (компьютер, смартфон, планшет және т.б.) көмегімен банктік шоттарды нақты уақыт (online) режимінде басқаруға мүмкіндік беретін жеке тұлғаларға қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі |
| 5 | **TONIA** | TONIA (Tenge OverNight Index Average) индикаторы биржада МБҚ-мен автоматты репо секторында жасалған бір жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді. |
| 6 | **АДБ** | Азия даму банкі |
| 7 | **БАЖ** | Автоматтандырылған банктік жүйе |
| 8 | **БАЖ Colvir / Colvir Banking System** | Банктің қолданыстағы АТ-платформасы – Colvir |
| 9 | **AIO ААЖ** | Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі |
| 10 | **«Даму» КДҚ АҚ / «Даму» қоры / Даму** | «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ |
| 11 | **ACCA** | (ағылш. Association of Chartered Certified Accountants) – Дипломы мен сертификаттары бар бухгалтерлердің қауымдастығы |
| 12 | **ATM** | (ағылш. Automated Teller Machine) – банкомат |
| 13 | **ЕДБ** | Екінші деңгейдегі банктер |
| 14 | **БҚ** | Банктік қосымша |
| 15 | **ЭКД БҚ / ЭКД** | «Электрондық кредиттік досье» банктік қосымшасы |
| 16 | **ҚДБ** | «Қазақстан Даму банкі» АҚ |
| 17 | **ЦКБ / Банк** | «Банк ЦентрКредит» АҚ |
| 18 | **ЦКБ тобы / Банк тобы** | «Банк ЦентрКредит» АҚ компаниялар тобы |
| 19 | **ЕҚДБ** | Еуропалық қайта құру және даму банкі |
| 20 | **ДБКҚ** | Деректердің бірыңғай корпоративтік қоймасы |
| 21 | **АҚ** | Ақпараттық қауіпсіздік |
| 22 | **ЖК** | Жеке кәсіпкер |
| 23 | **ИПИҚ** | Интервалдық пайлық инвестициялық қор |
| 24 | **АТ / IT** | Ақпараттық технологиялар |
| 25 | **ІБ** | Ірі бизнес |
| 26 | **ҚР ҚМ МКК** | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті |
| 27 | **ҚР БП ҚСжАЕ комитеті** | Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есеп комитеті |
| 28 | **ШБ** | Шағын бизнес |
| 29 | **МШОБ** | Микро-, шағын және орта бизнес |
| 30 | **ШОБ** | Шағын және орта бизнес |
| 31 | **ХҚЕС** | Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары |
| 32 | **АХҚО** | «Астана» халықаралық қаржы орталығы |
| 33 | **ҚР ҰБ / Реттеуші** | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі |
| 34 | **ПИҚ** | Пайлық инвестициялық қор |
| 35 | **ҚР** | Қазақстан Республикасы |
| 36 | **СБ** | Орташа бизнес |
| 37 | **ІАЖ** | Ішкі аудит жүйесі |
| 38 | **ФҚБ** | Филиалдың құрылымдық бөлімшесі |
| 39 | **ТАҚ** | Таза активтердің құны |
| 40 | **ЖТ** | Жеке тұлға |
| 41 | **ОБО** | Орталық Бэк-Офис |
| 42 | **ЖСО** | Жеке сот орындаушысы |
| 43 | **ӨШ** | Өнімнің шаблоны |
| 44 | **ЗТ** | Заңды тұлға |

# Директорлар кеңесінің төрағасы

# Басқарма төрағасы



# Директорлар кеңесінің төрағасы



**Бақытбек Рымбекұлы Байсейітов**

Мәскеу қаржы институтында және Алматы Халық шаруашылығы институтында оқыған. Еңбек жолын КСРО Мемлекеттік банкінің Қазақ республикалық кеңсесінде бастады, кейін 1979-1987 жылдар аралығында Тұрғын үй әлеуметтік банкінде басқарма бастығы, Басқарма мүшесі лауазымдарын атқарды. 1988 жылы «Центрбанк» банкінің негізін қалады, кейін бұл банк «ЦентрКредит» банкі болып аталды. 1997 жылға дейін Басқарма төрағасы лауазымын атқарды, қазіргі уақытта Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.

ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың қаржы-банк қауымдастығының (ЕАЫ ҚБҚ) Президенті, Қазақстан банктері қауымдастығының Президенті, «Нұр-Отан» партиясының Орталық бақылау-ревизиялық комиссиясының төрағасы, «ЕурАзЭК-Қазақстан іскерлік кеңесі» қауымдастығының мүшесі, «Бейбітшілік және тұрақты даму үшін» халықаралық қорының (IFSPD) Директорлар кеңесінің мүшесі, БОАО (BOAO Forum for Asia) азиялық форумы құрылтайшыларының бірі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталған.

# Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі

**Құрметті акционерлер, клиенттер және серіктестер!**

Банк секторын оңалту, оған қоса банк жүйесінің негізін құрайтын екі банкті біріктіру, жекелеген банктердің қызметін тоқтату, инфляция бәсеңдей түскен тұста базалық мөлшерлемені 9,25%-ға дейін төмендету бойынша Ұлттық Банк пен Үкіметтің қабылдаған шешімдері, сондай-ақ мемлекет қабылдаған өзге де шаралар сайып келгенде есепті жылы еліміздің банк секторының және нақты экономика секторының белсенділігін арттыруға түрткі болды. Әлеуметтік реформаларды қолдау мақсатында ипотекалық кредиттің қолжетімділігін арттыру бойынша іс-шаралар қабылданды. Бұл орайда ЦентрКредит Банкі айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізді.

Жыл қорытындысы бойынша ЦентрКредит Банкі қаржылық көрсеткіштерінің қарқынды өсімін көрсетті, сонымен қатар қаржылық реттеуші белгілеген барлық міндеттемелер мен нормативтерді орындады. Банк активтерінің көлемі бойынша нарықта 6-орынды иеленеді, бұл көрсеткіш жылдың қорытындысы бойынша 14%-ға, яғни 1 517,8 млрд теңгеге дейін өсті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша банк тобы бойынша 9,2 млрд теңге көлемінде пайда алынды, бұл жоспарлы көрсеткіштен әлдеқайда асып түсті.

Банктің кредиттік қызметі де оң қарқын танытты: есепті кезең ішінде клиенттердің несиелік портфелі 9,0%-ға өсіп, 1 014,1 млрд теңгені құрады, ал портфель сапасын арттыру бойынша жүргізілген іс-шаралар NPL (жұмыс істемейтін кредиттер) үлесін 6,4%-ға дейін төмендетті.

Жылдың қорытындысы бойынша Банк ипотекалық кредит беру сегментінде өзінің жетекші орындарын сақтап қалды, сондай-ақ «7-20-25» бағдарламасын іске асыру бойынша көшбасшы болды, оның осы мемлекеттік бағдарлама аясында берілген кредиттер көлеміндегі үлесі 83% құрады.

Банктің нарықтағы орнын және банк секторындағы ақпараттық технологиялардың даму ағындарын ескере отырып, өткен жылы Банктің 2022 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиясы жаңартылды. Қашықтан қызмет көрсету арналарын дамыту, клиенттер базасын көбейту, өнімдер мен қызметтерді цифрландыру, қаржы нарығындағы орындарды бекіту жөнінен міндеттер қойылды. Басқаша айтқанда, Банк алдында тұрған маңызды стратегиялық мақсат қуатты аналитикалық және басқарушылық орталықтарға негізделетін меншікті экожүйе құру болып табылады.

Стратегиялық міндеттерді іске асырумен қатар, Банк қызмет көрсету сапасын көтеруге, технологияларды арттыруға және жаңа шешімдерді ендіруге күшін шоғырландырады. Клиенттердің көңілінен шығу, ашықтық, бизнес-процестерге талдау жасау және олардың тиімділігін, экономикалық тұрғыдан мақсатқа сайлығын бағалау 2019 жылы жүргізілетін жұмыстардың негізгі нысанасы болмақ.

Өткен жылы Банк өз қызметінің 30-жылдық белесінен асты, бүгінгі таңда ол еліміздегі ең ірі және табысты қаржы институттарының бірі болып табылады. Қол жеткізген нәтижелер, сондай-ақ Банкті дамыту бойынша іске асырылатын шаралар болашаққа нық сеніммен қарауға тұғыр болады.

**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**Директорлар кеңесінің төрағасы**
**Бақытбек Байсейітов**



# Басқарма төрағасы



Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы

Ф.М Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетін Салық және салық салу мамандығы бойынша тәмамдаған. Сонымен қатар Банк жетекшісінің активінде Swiss Business School және ACCA International Financial Reporting берген дипломдар бар. 2004 жылдан бастап 2017 жылға дейін «ИПК «Энергофинанс» ЖШҚ, «Омск-Полимер» ЖШҚ, «PROFIT» компаниясы» ЖШС, «Заречное» БК» АҚ; «BRB INVEST» АҚ; «АИФРИ «GREEN INVEST» АҚ; «BCC Invest» АҚ басшы лауазымдарды атқарды.

2017 жылғы наурыздан бастап 2017 жылғы қыркүйекке дейін – «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі, «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма мүшесі – Басқарушы директор лауазымдарын атқарған. 2017 жылғы қыркүйектен бастап – «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы.

# Басқарма төрағасының үндеуі

**Құрметті акционерлер және клиенттер!**

2018 жылы Қазақстан экономикасының дамуы жалғаса түсті. Өткен жылдың екінші жартысында орын алған құбылмалы сыртқы жағдайларға қарамастан, инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың, сонымен қатар шикізат тауарларының бағасының өсуіне байланысты Қазақстанның экономикасы 4,1%-ға өсті.

Ақша-кредит саясаты аясында ҚР Ұлттық Банкі жүргізген іс-шаралар инфляция қарқынын таргеттелетін дәліз шегінде жылдық 5,3% мөлшерінде ұстап қалуға мүмкіндік берді.

2018 жылы халықтың әл-ауқатының біртіндеп өсе бастағаны байқалды: жылдың қорытындысы бойынша нақты жалақы мөлшері 2,1%-ға көтерілді, жұмыссыздық деңгейі 4,9%-дан 4,8%-ға дейін төмендеді.

2018 жыл бойы банк секторын шоғырландыру процесі толастаған жоқ, нәтижесінде 2019 жылдың басына қарай екінші деңгейдегі банктердің саны 32-ден 28-ге дейін қысқарды. Нарықтағы ойыншылардың саны қысқарса да, ЕДБ жиынтық несие портфелінің көлемі 1,3%-ға ұлғайды. Бұл кезде банктер үшін басым бағыт тұрғындарға кредит беру болды, ал бизнестің өсу қарқыны теріс болды.

2018 жылдың басында ЦентрКредит Банкі Даму стратегиясын өзекті етіп, бөлшекті сегменттегі позицияларын нығайтуға және корпоративтік бизнес үлесін азайтып, ШОБ үлесін көбейту есебінен несие портфелін әртараптандыруға бет бұрды.

Кепілсіз кредит беруді ілгерілету үшін жаңа қаржылық сервистер іске қосылды. Біз жеке тұлғаларға кредит беру бойынша бизнес-процестерге редизайн жасадық, бұл кредит алу мерзімін екі сағаттан 15 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік берді, «Жалақы есебіне берілетін қолма-қол ақша» өнімін тесттен өткізіп, сәтті іске қостық. Банк «Баспана» ипотекалық компаниясының сенімді серіктесі болып, «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасы бойынша көшбасшы болып табылады. Бүгінгі таңда осы бағдарлама бойынша берілген кредиттердің 80% астамы ЦКБ еншісіне тиесілі.

Іске асырылған іс-шаралар Банктің бөлшекті несие портфелінің көлемін 19,3%-ға, яғни 417 млрд теңгеге дейін көтеріп, клиенттердің жиынтық несие портфеліндегі үлесін 41% жеткізуге мүмкіндік берді.

Біз ШОБ өкілдеріне белсенді түрде кредит беруді жалғастырдық және «Даму» қорының ШОБ-ты қолдау жөніндегі тағы бір бағдарламасы бойынша көшбасшы болып табыламыз. 2018 жылы Банк ШОБ өкілдерін және кәсіпкер әйелдерді қаржыландыру үшін кредит желісін ашу бойынша ЕҚДБ-мен 45 млн АҚШ доллары сомасында үлкен келісім жасасты. Бұл орайда шағын және орта кәсіпкерліктің тарихи тұрғыдан алғанда Банк қызметінің мақсатты сегменті болып табылатынын атап өткен жөн. Қазіргі таңда біздің қаржыландыру бойынша ШОБ-қа ұсынатын өнімдеріміздің ауқымы өте кең, сонымен қатар тәуекелдерді бағалау бойынша тәжірибеміз мол. 2018 жылы ШОБ бойынша портфельдің өсімі шамамен 16 млрд теңгені құрады.

Өткен жылы ЦентрКредит Банкі өзінің отызжылдық мерейтойын атап өтті. Осы ұзақ даму жолына қарамастан, Банк бүгінгі таңда әлі де ізденіп, заман талабына сай дамып келеді.

Банк дамуының басым бағыттарының бірі өз өнімдері мен бизнес-процестерінің цифрлық құрамын күшейту болып табылады, ал бұл Банктің сервисін айтарлықтай дамытуға, уақыт және қаржы ресурстарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта біз 2018 жылы StarBanking мобильді қосымшасын жаңаладық. Енді оның дизайны заманға сай және ыңғайлы, функционалы көптеген жаңа пайдалы қызметпен толықтырылған. Біз Apple Pay – контактісіз мобильді төлемдер жүйесін іске қостық. Сонымен қатар клиенттерге Интернет желісінде карта бойынша жүргізілетін төлемдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің заманауи технологиясы 3D Secure жүйесін енгіздік. Жыл бойы біз интернет-эквайрингті дамыттық. Бұл қызметке деген клиенттердің сұранысы күннен-күнге өсіп жатқаны байқалады. Қазір біз бөлшекті сегментке ұсынуға болатын барлық қызметтердің толық спектрін көрсете аламыз.

Өткен жылы қол жеткізген жетістіктердің ішінде Cash management жобасының ендірілгенін ерекше атап өткен жөн. Бұл жобаны ендіру Банкке болашақта күнделікті қалдықты 5%-дан 36%-ға дейін төмендетуге, «жұмыс істемейтін» қолма-қол ақшаны ұстауға жұмсалатын шығынды азайтуға, шешім қабылдау процесін автоматтандыруға және құрылғыларды оңтайландырудың бірыңғай жүйесіне біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар қаржылық жоспарлау процесі автоматтандырылды, осы жоба бойынша 2019 жылдың басында Банк «Global CIO» Ресей АТ-директорларының кәсіби қоғамы ұйымдастырған конкурста «Жақын шетел» номинациясы бойынша «Жыл жобасы» наградасын жеңіп алды.

Банктің клиенттерге қызмет көрсетуге байланысты тек сыртқы процестері ғана емес, клиенттерге көрінбесе де, ұсынылатын сервисті бұрынғыдан жылдам әрі сапалы етуге мүмкіндік беретін ішкі процестердің де цифрланып жатқанын атап өту қажет. Үстіміздегі жылы ЦентрКредит Банкі бекітілген Стратегияға сәйкес өз дамуын жалғастырады. Ағымдағы жылға белгіленген негізгі мақсаттар мен міндеттер клиенттердің көңілінен шығу және қызмет көрсету сапасын арттыру, мақсатты сегменттерді дамыту, серіктестік бағдарламалар және кросс-селлингті дамыту, сонымен қатар қызмет көрсетудің цифрлық арналарын жетілдіру және т.б. болып қалмақ.

**«Банк ЦентрКредит» АҚ**
**Басқарма төрағасы**
**Ғалым Хұсаинов**

# Қысқаша шолу

**1995 жыл...**

Банкке алғашқылардың бірі болып инкассация қызметін ұйымдастыру және құндылықтарды тасымалдау құқығы берілді. 7 банктің ішінде оған қымбат металдармен операция жүргізуге лицензия берілді.

ЦентрБанк ашық нарықта операция жүргізетін, мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша алғашқы дилер болып табылды.

ЦентрБанкке банкаралық кредит ресурстары нарығында сауда-саттық жүргізуге рұқсат берілді.

Банк "The Bank of New York" банкінде шетел валютасымен жүргізілетін алғашқы корреспонденттік шоттың бірін ашты.




Қазақстан Президентінің резиденциясы

## ЦКБ ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

| Көрсеткіш | 31.12.2018 | 31.12.2017 |
|---|---|---|
| Активтер, млн теңге | 1 517 760 | 1 330 498 |
| Ақша қаражаты, банкаралық бағалы қағаздар, млн теңге | 427 171 | 384 923 |
| Клиенттер мен банктерге берілген несиелер, млн теңге | 968 684 | 831 251 |
| Клиенттер мен банктердің қаражаты, млн теңге | 1 074 530 | 976 952 |
| Шығарылған борыштық бағалы қағаздар және реттелген облигациялар, млн теңге | 142 062 | 92 782 |
| Барлық меншікті капитал, млн теңге | 107 098 | 128 883 |

| Көрсеткіш | 2018 | 2017 |
|---|---|---|
| Пайыздық кіріс, млн теңге | 111 703 | 109 938 |
| Пайыздық шығыс, млн теңге | 65 855 | 62 438 |
| Таза пайыздық кіріс, млн теңге | 45 848 | 47 500 |
| Активтердің құнсызданауына бөлінген резерв, млн теңге | 30 814 | 43 743 |
| Қызметтер бойынша кіріс және комиссия, млн теңге | 24 554 | 21 698 |
| Қызметтер бойынша шығыс және комиссия, млн теңге | 4 387 | 2 797 |
| Таза комиссиялық кіріс, млн теңге | 20 167 | 18 901 |
| Таза пайызсыз емес кіріс, млн теңге | 27 759 | 60 612 |
| Операциялық шығыс, млн теңге | 31 232 | 28 299 |
| Кіріс салығы бойынша шығыс, млн теңге | 2 392 | 7 199 |
| Таза кіріс, млн теңге | 9 169 | 28 871 |

Банк тобының құрылымы

**«Банк ЦентрКредит» АҚ**

«BCC-ОУСА» ЖШС

**100%**

Стрестік активтерді басқару

«BCC Invest» АҚ

**97,63 %**

Брокерлік-дилерлік қызмет

| Көрсеткіш | 31.12.2018 | 31.12.2017 |
|---|---|---|
| Орташа меншікті капиталға қайтарым (ROAE) | 7,8% | 25,3% |
| Орташа активтерге қайтарым (ROAA) | 0,6% | 2,1% |
| Таза пайыздық маржа (NIM) | 3,8% | 4,6% |
| Операциялық шығыс / операциялық нәтиже (CIR) | 42,4% | 26,2% |
| Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті: | | |
| - негізгі (k1) * | 8,7% | 10,4% |
| - бірінші деңгейдегі (k1-2) * | 10,0% | 13,3% |
| - меншікті (k2) * | 17,0% | 21,4% |

*Коэффициенттер «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қаржылық деректерінің негізінде есептелген.*

## 2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ:

| Рейтинг агенттігі | Ұзақмерзімді рейтинг | Болжам |
|---|---|---|
| Standard & Poor's | B | Тұрақты* |
| Fitch Ratings | B | Тұрақты** |
| Moodys' Investors Service | B2 | Тұрақты*** |

** 2018 жылғы 28 қарашада Standard&Poor's рейтинг агенттігі ЦКБ-нің «В» деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады. Рейтингтер бойынша болжам «тұрақты».*

*** 2018 жылғы 10 желтоқсанда Fitch Ratings рейтинг агенттігі ЦКБ-нің «В» деңгейіндегі ұзақмерзімді рейтингін растады. Рейтингтер бойынша болжам «тұрақты».*

*** 2018 жылғы 12 шілдеде Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі ұзақмерзімді рейтинг бойынша «жағымсыз» болжамды «тұрақты» болжамға өзгертті. БЦК АҚ-тың қалған рейтингтерін Moody's бұрынғы деңгейінде растады.*

# 18 Филиал

# Филиалдар желісі

(01.01.2019ж.)

**102 ФҚБ (филиалдың құрылымдық бөлімшесі) бар, оның ішінде:**

- 19 ОперБ
- 26 есеп айырысу-касса бөлімі
- 34 қаржылық қызмет көрсету орталығы
- 23 бөлшекті қызмет көрсету орталығы

Банкомат
**669**

Pos-терминал
**7 963**

Төлем терминалы
**138**



# Акционерлер және капитал. Дивидендтік саясат

**1999 жыл...**

Екі мекеме – ЦКБ мен Тұрғын үй құрылыс банкін біріктіру жұмысы толық аяқталды. Біріккен банктің қаржы жағдайын жақсарту бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде беделді «Thomson Bank Wath» агенттігі банкке «В» халықаралық кредит рейтингін ұсынды. Банктің акциялары «А» листингіне қосылған.

ЦентрКредит Банкі екінші деңгейдегі банктердің арасында алғашқылардың бірі болып Қазақстанның жеке тұлғалардың салымдарына кепілдік беру (сақтандыру) қорына қатысушы болды (№2 сертификат).



2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған жай акциялардың саны 162 456 800 дананы, артықшылықты акциялардың саны 39 249 255 дананы құрады (оның ішінде Банк 38 953 841 артықшылықты акцияны сатып алған), жарғылық капитал 58 170 млн теңге сомасында төленген.

2018 жылдың бірінші тоқсанында «Банк ЦентрКредит» өзінің орналастырылған артықшылықты акцияларының 99 пайызын сатып алды, сонымен қатар ірі акционерлер ауысты. Соның нәтижесінде «Цесна» қаржы холдингі және «Цеснабанк» АҚ акционерлердің құрамынан шығып, Байсейітов Б.Р. өз үлесін дауыс беруші акциялардың 48,10% дейін ұлғайтты, Ли В.С. дауыс беруші акциялардың 10,06% үлесімен ірі акционер болды.

**2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша орналастырылған акциялардың (Банк сатып алған акцияларды қоспағанда) кемінде 5,0% иеленетін акционерлердің келесі құрамы белгіленді:**

| Акционердің аты-жөні / Акционердің атауы | Бағалы қағаздардың түрі | Жалпы саны | Бағалы қағаздарды ұстаушыға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының санына қатынасы | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Орналастырылған, % | Орналастырылған, % |
| Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы | жай акциялар | 78 095 863 | 48,07 | 48,10 |
| | артықшылықты акциялар | 20 278 | 6,87 | - |
| Ли Владислав Сединович | жай акциялар | 16 325 645 | 10,05 | 10,06 |
| | артықшылықты акциялар | 0 | - | - |
| Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы | жай акциялар | 9 709 886 | 5,98 | 5,98 |
| | артықшылықты акциялар | 0 | - | - |

*Дауыс беруші акциялар бойынша пайыз «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-II заңының 1-бабының 8-тармағына сәйкес есептеледі.*

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың меншікті капиталы ҚР Ұлттық Банкінің пруденциялдық нормативтеріне сәйкес 2019 жылғы 1 қаңтарда 200 555 млн теңгені құрады.

## КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Негізгі капитал
**102 067**
млн теңге

Қосымша капитал
**15 575**
млн теңге

Екінші деңгейдегі капитал
**94 424**
млн теңге




Капитал жеткіліктілігінің пруденциялдық коэффициенттері орындалған, бұл орайда айтарлықтай қосымша қор бар.

**Капитал жеткіліктілігінің пруденциалдық нормативтерінің орындалуы туралы ақпарат**

| Коэффициенттің атауы | 01.01.2019ж. жай–күйі бойынша мәні | Буфер есебімен белгіленген норматив | Қор |
|---|---|---|---|
| k1 | 8,7% | 7,5% | 1,2% |
| k1-2 | 10,0% | 8,5% | 1,5% |
| k2 | 17,0% | 10,0% | 7,0% |

## ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Акционерлердің дивиденд алу бойынша құқықтары және оларды төлеу процедурасы Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілген Банк Жарғысында белгіленген.

Дивидендтік саясат дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеген, Банктің инвестициялық тартымдылығын, қаржылық орнықтылығын, капиталдандырылуы мен өтімділігін арттырған, салынған капиталдың нарықтық кірістілігін қамтамасыз еткен кезде «Банк ЦентрКредит» АҚ пен оның акционерлері мүдделерінің теңгеріміне, акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және қатаң сақтауға және олардың әл-ауқатын арттыруға негізделеді.

Акциялар бойынша дивиденд төлеу және жылдың қорытындысына сәйкес бір жай акция бойынша есептелетін дивидендтің мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының құзыретіне жатады.

Артықшылықты акциялар бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Жарғысына сәйкес кепілдік берілген жыл сайынғы сыйақы бекітілді, 2018 жылы оның мөлшері бір артықшылықты акция үшін 0,01 теңгені құрады. 2019 жылғы ақпанда «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың акцияларын шығару проспектісіне өзгерістер енгізілді, оған сәйкес артықшылықты акциялар бойынша дивидендтің кепілдікті мөлшері ұлғайтылып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне жылдық 3,5% қосқандағы мөлшерге тең құбылмалы мөлшерде белгіленді. Бұл ретте шекті мөлшерлемесі жылдық 12% бастап 14% дейін шектеулі болады.

**Банктің дивиденд төлеу бойынша шығыстары**

| Атауы | 2018ж. | 2017ж. | 2016ж. |
|---|---|---|---|
| Артықшылықты акциялар бойынша, мың теңге | 3 | 392 | 392 |
| Жай акциялар бойынша, мың теңге | - | - | - |
| **Барлығы** | **3** | **392** | **392** |

Банктің өзінің артықшылықты акцияларын сатып алуына байланысты 2018 жылы төленген дивидендтер мөлшері төмендеді.

**2018 жылы бір акция бойынша түскен пайда**

**56,55**

**теңгені құрады**

«Қазақстан Қор биржасы» АҚ-тың деректеріне сәйкес 01.01.2019 жылғы жай-күйі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың бір жай акциясының нарықтық құны (ҰСН KZ1C36280010) 234 теңгені құрады.

# ЦентрКредит Банкінің қысқаша тарихы

**2002 жыл...**

«ЦентрЛизинг» ЖШС еншілес ұйымы құрылды.

Банк бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарына көшті.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «Жедел аударымдар» жүйесі «Қазақстан Республикасындағы ең үздік ақша аударымдары» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.



Бәйтерек

«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы 1988 жылғы 19 қыркүйекте құрылған және Қазақстанның ең алғашқы коммерциялық банктерінің бірі болып табылады. Банктің кең тараған филиалдық желісі бар, республика бойынша 100-ден астам бөлімшелерінде және 18 филиалында заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсетіледі. Банктің корреспонденттік желісіне 40-қа жуық шетелдік банк кіреді, бұл серіктестерішізбен дүние жүзі бойынша есеп айырысуға мүмкіндік береді.

ЦКБ – кәсіпкерлікті қолдайтын барлық дерлік мемлекеттік бағдарламалардың белсенді қатысушысы. 2015 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ «Моноқалаларды дамытудың 2012–2020 жылдарға арналған бағдарламасы аясында 2014 жылы кредиттерді субсидиялау бойынша үздік банк» атағына ие болды. Сонымен қатар ЦКБ «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың қол қойылған кепілдік шарттарының саны бойынша көшбасшы болып табылады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша ЦКБ «Ипотекалық кредит берудің қолжетімділігін арттыру» бағыты бойынша «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдармасын игеру аясында ипотекалық қарыз беру жөнінен жетекші банк болып табылады. 2018 жылы ЦентрКредит Банкі «7-20-25» бағдарламасы бойынша көшбасшы болғаны үшін марапат алды.

## 2018

### ҚАҢТАР

ЦентрКредит Банкі ЕДБ ішінде алғашқылардың бірі болып 9-шы ХҚЕС-ке көшуді сәтті аяқтады.

### НАУРЫЗ

Банктің «Цеснабанк» АҚ-қа тиесілі жай акциялар пакетінің барлығы, яғни банк орналастырған жай акциялардың жалпы санының 29,56% үлесі «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың ірі қатысушылары Б.Р.Байсейітовке және В.С. Лиге, сондай-ақ бірқатар жеке тұлғаларға (миноритарийлік акционерлер) сатылды.

Назарбаев даңғылы, 65-үй мекенжайы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың сейфтік депозитарийі ашылды.

### СӘУІР

«Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізілді.

### МАУСЫМ

ЦентрКредит Банкінің 30-жылдық мерейтойының құрметіне орай лимиттелген өнім – Visa Infinite премиум санатындағы төлем картасы әзірленді!

### ШІЛДЕ

«Банк ЦентрКредит» АҚ өз клиенттері үшін «Еуразиялық банк» АҚ-тың банкоматтар желісінде қолма-қол ақша алудың жалпы лимиттері жөнінде келісімге келді.

### ТАМЫЗ

ЦентрКредит Банкі ЕҚДБ-дан 45 млн АҚШ доллары мөлшерінде қарыз алды. ЕҚДБ қаражаты ЕҚДБ-ның шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру бағдарламасы және «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы аясында «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тың кепілдігімен беріледі. 60%-дан астам кредит қаражаты Астана және Алматы қалаларынан тысқары орналасқан ҚР облыс орталықтарындағы шағын және орта бизнесті, сонымен қатар әйелдер басқаратын кәсіпорындарды қаржыландыруға бағытталатын болады.

«ҚР бойынша әкімшілік айыппұлды төлеу» қызметі іске қосылды. Бұл қызмет біздің клиенттерімізге (жеке тұлғаларға, заңды тұлғаларға) Starbanking жүйесінің web-нұсқасы немесе мобильді қосымшасы (ЖТ) арқылы, «Интернет-Банкинг» жүйесі (ЗТ) арқылы айыппұл жөнінде біліп отыруға және оларды online режимінде төлеуге мүмкіндік береді.

### ҚЫРКҮЙЕК

ЦентрКредит Банкі ҚР Ұлттық Банкінің бастамасымен іске асырылған Мобильді телефон нөмірі бойынша мезеттік төлемдер жүйесі атты қатнатқақты жобаға қатысты. Мезеттік төлемдер жүйесі Қазақстандағы әртүрлі банктердің клиенттері арасында ақшаны ұлттық валютамен тәулік бойы аударуға мүмкіндік береді. Егер бұрын ақша аудару үшін басқа банктің клиентіне алушының ЖСН, 20 таңбалы шот нөмірін немесе картасының 16 таңбалы нөмірін білу керек болса, қазір ақша аудару үшін небәрі үш деректі: мобильді телефон нөмірін, банктің атауын және төлем сомасын білу жеткілікті.

ЦентрКредит Банкінің клиенттері «7-20-25» бағдарламасы бойынша жаңа пәтерлердің кілттерін алды. Алматыда 19 қыркүйекте «Алмалы» тұрғын үй кешеніндегі жаңа пәтерлердің кілттерін салтанатты түрде табыстау іс-шарасы өтті. Бұл пәтерлердің иелері «ЦентрКредит Банкінен «7-20-25» бағдарламасы бойынша ипотекалық кредит ресімдеген клиенттер болды.

Банктің 30-жылдық мерейтойы тойланды. Мерейтой құрметіне орай Қазақстан Республикасының ірі бес қаласы – Астана, Алматы, Өскемен, Ақтау және Шымкент қалаларында ЦентрКредит Банкі әуе шарының мерейтойлық туры өткізілді.

### ҚАРАША

ЦентрКредит Банкі «7-20-25» бағдарламасын іске асыруда көшбасшы болғаны үшін марапатталды. Алматы қаласында өткен Қазақстан қаржыгерлерінің VIII конгресінде ЦентрКредит Банкі «7-20-25» ипотекалық кредит беру бағдарламасын іске асыруда көшбасшы болғаны үшін естелік кубокпен марапатталды. Қазіргі сәтте бағдарлама бойынша берілген кредиттердің 80%-дан астам үлесі ЦКБ-ге тиесілі.

ЦентрКредит Банкі Қазақстанда алғашқылардың бірі болып Apple Pay мобильді төлемдер сервисін іске қосты.

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың «B/B» деңгейіндегі рейтингін растады, болжам – тұрақты. Агенттіктің хабарламасында ЦентрКредит Банкі банк жүйесінде маңызы бар қазақстандық банктердің қатарына қосылды.

## 2017

Kookmin Bank пен IFC өздеріне тиесілі акциялар пакетін Б.Р. Байсейітов мырзаға, «Цесна» қаржы холдингі» АҚ-қа және «Цеснабанк» АҚ-қа сатып, ЦКБ акционерлерінің құрамынан шықты.

Банк пен Қазақстан ипотекалық компаниясы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша алғашқы кредитті берді.

ЦентрКредит Банкі екінші деңгейдегі банктердің ішінде бірінші болып атқарушылық өндіріс органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен (АӨО ААЖ) электрондық бірлесіп әрекет ету арнасын іске қосты.

ЦентрКредит Банкінің басшысы Владислав Ли өзінің ЦентрКредит Банкінің Басқарма төрағасы ретіндегі қызметін аяқтау туралы шешім қабылдағаны жөнінде хабарлады. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы болып Ғалым Хұсаинов сайланды.

## 2016

Банк жаңа «Colvir» IT-платформасына өтті. ЦентрКредит Банкі саяхатты ұнататын тұлғалар үшін Card for fly пластик карталарын шығара бастады. Банктің «Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ-дағы үлесі сатылды.

## 2015

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорымен Азия даму банкінің (АДБ) инвестициялық бағдарламасы бойынша 5 жыл мерзіміне 11,1 млрд теңге сомасында қаражаттың 2-ші траншын тарту туралы келісім жасалды.

Отандық көлік құрастырушылардың автокөліктерін сатып алушыларға кредит беру арқылы қазақстандық өндірушілерді қолдау үшін ҚДБ-мен 20 жыл мерзіміне 2 млрд теңге сомасын тарту туралы келісім жасалды.

Айналыстағы төлем карталарының саны бойынша әлемдегі ең ірі төлем жүйесі болып табылатын UnionPay International халықаралық төлем жүйесіне қосылды.

## 2014

Қайта өңдеу өнеркәсібі саласында Шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін «Даму» КДҚ АҚ-пен ҚР Ұлттық қорының қаражатын тарту туралы келісімге қол қойылды.

Шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін Азия даму банкінің екінші траншын алу туралы келісім жасалды.

«Даму» КДҚ АҚ кепілдігімен микро, шағын және орта бизнесті қаржыландыру үшін 5 жыл мерзіміне 10 млрд теңге тарту жөнінде ЕҚДБ-мен кредиттік келісім жасалды.

## 2013

Банктің 2013-2017жж. кезеңіне арналған ортамерзімді жаңа даму стратегиясы әзірленді.

IT стратегиясының негізгі жобасы – «Дайын пакеттік шешімнің негізінде жаңа автоматтандырылған банктік жүйе құру» жобасы өз жұмысын бастады.

## 2012

Шотты қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін жаңа қызмет – «StarBanking» жүйесі ендірілді.

## 2011

Оңтүстік Корея Республикасымен іскерлік қатынасты қолдайтын бизнес-клиенттерге арналған, сондай-ақ Корея өкілдері қатысатын компаниялармен ынтымақтастық жасауға арналған, Қазақстан үшін бірегей «Korean Desk» жобасы іске қосылды.

KPMG консалтинг компаниясымен бірге банкте ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын әзірлеу аяқталды.

## 2010

Халықаралық қаржы корпорациясы ЦентрКредит Банкін 2010 жылы Қазақстанда сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент банк деп таныды.

ЦКБ 2010 жылы сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент банк ретінде ЕҚДБ марапатына ие болды.

«Банк ЦентрКредит» АҚ, Kookmin Bank Co Ltd және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) ЦКБ капиталына қатысу туралы мәмілені аяқтады.

# Макроэкономиканы және банк секторын шолу




**2004 жыл...**

Банктің Тараз қаласындағы филиалы Компанияның әлемнің бес өңіріндегі ең табысты 500 пункті арасында өткізген «Клуб-500» атты сайысының аясында Western Union жүйесінің клиенттеріне қызмет көрсету сапасы бойынша 5-ші орынға ие болды.

«Эксклюзив» сараптамалық шолушы журналы жүргізген зерттеулердің нәтижесі бойынша ЦентрКредит Банкі Қазақстандағы ең үздік іскерлік беделі бар коммерциялық банктердің арасындағы рейтингте екінші орынды иеленді.

ЦентрКредит Банкі Республиканың жеті ірі коммерциялық банктерімен қатар Қазақстанда құрылған Бірінші кредит бюросының акционері болды.

Банк «Call Center» орталығын ашып, бөлшекті қызметті одан әрі кеңейтті және қашықтан қызмет көрсететін «Үйдегі банкинг» жүйесін іске қосты.

## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ: АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҢ СЫН-ТЕГЕУРІНДЕРІ

Өткен жылдың екінші жартысында орын алған сыртқы фонға қарамастан, шикізат секторы үлесінің, жоғары инвестициялық және тұтынушылық сұраныстың арқасында, сондай-ақ экономиканың негізгі салаларының және қызмет көрсету секторының өндірістік белсенділігінің арқасында Қазақстан экономикасы өсу аймағында болды. Алдыңғы жылдағыдай, 2018 жылы да еліміздің экономикасы 4,1% өсті. Еліміздің экономикасы күйзелістен шыққанына қарамастан, экономика өсімі күйзеліске дейінгі деңгейінен төмен және өсу сапасы әлсіз болып қалады.

2018 жылы мұнай өндіру көлемі 90 млн тоннаға дейін ұлғайған кезде, экономиканың нақты секторындағы салалардың өсуіне жағдай жасалды. Өнеркәсіптің 4,1%-ға өсуінің арқасында белсенділік көлік бойынша 4,6%-ға және құрылыс бойынша 4,1%-ға артты, ауыл шаруашылығындағы өсімді 3,4% мөлшеріндегі негізгі үлеспен мал шаруашылығы қамтамасыз етті. Тұтынушылар сұранысының артуы аясында сауда-саттық 7,6%-ға өсті, ол ішінара қарыз ресурстары – тұтынушылық кредиттер беру есебінен қаржыландырылды. Экономиканың өсуіне негізгі капиталға салынған инвестициялар да қосымша факторы ретінде ықпал етті. Олар бір жылдың ішінде соңғы 10 жылдағы ең жоғары көрсеткішке жетіп, 17,2%-ға өсті. Инвестициялардың негізгі көлемі Теңіз мұнай-кен орнындағы өндіріс қуатының кеңейтілуі есебінен құрылды.

**ЖІӨ өсу қарқыны және мұнай бағасының динамикасы**




ЖІӨ өсу қарқыны, % / Мұнай бағасы, ($/барр)

Жылдық инфляция соңғы 5 жыл ішіндегі ең төменгі деңгейге жетіп, мақсатты дәліздің төменгі шегіне жақын 5-7% аралығында сақталып, 5,3% деңгейінде (2017 жылы – 7,1%) қалыптасты. Инфляцияның барлық компоненттері бойынша бағаның өсу қарқынының төмендеуі байқалды. Инфляцияны мақсатты дәліздің шегінде тежеу және ұстап тұру фактісін атап өту қажет, бұған әлсіз теңге ықпалының, тұтынушылық сұраныстың артуының және инфляцияға қарсы жағдайда құрылған инвестициялардың өсу қарқынының болмауы дәлел болады.

**Мақсатты бағдар және инфляция динамикасы, %**




2018 жылдың қорытындысы бойынша теңге бағамы 15,6%-ға әлсіреді. Құнсыздану факторлары Ресейге қарсы санкциялар болды, соның салдарынан теңге бағамы мұнай бағасымен корреляциясын жоғалтып алды да, рубльмен арақатынасын 91%-ға ұлғайтты. Сондай-ақ құнсыздану факторларына Қазақстаннан активтерді шығару, бейрезидеттердің мамыр-тамыз айларында $1 млрд сомасындағы ноталарды жаппай сатуы, ФРЖ мөлшерлемесінің үздіксіз әрі тұрақты түрде ұлғаюы жатады, ол өз кезегінде америкалық валютаның инвестициялық тартымдылығын арттыра түсті. Соның нәтижесінде 5 қыркүйектен бастап 7 қыркүйекке дейін 520,6 млн USD сомасына 1 интервенция жүргізілді.

Рубль бағамы теңгемен арақатынасы бойынша 4,3%-ға әлсіреп, 5,5-5,6 KZT/RUB деңгейінде қалыптасты.

Инфляцияның баяулауы Ұлттық Банкке базалық мөлшерлемені 9,25%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде тұрғындардың кредиттік белсенділігіне қолғабыс болды. Ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде сақталды, банк жүйесінде ҚР ҰБ-ның өтініш беру мерзімі 7 және 28 күн деп белгіленген, орташа айлық көлемі 3,5–3,7 трлн теңге болатын қысқамерзімді ноталарымен алынатын теңге өтімділігінің құрылымдық профициті сақталды, банк жүйесін тазарту жалғастырылды, банктерді оңалту бойынша шаралар қолданылды.

Сыртқы нарықтың құбылмалылығына қарамастан, 2018 жылғы 3-тоқсанда мұнай бағасы 30%-ға, яғни орта есеппен алғанда баррель үшін $54 сомасынан $71 дейін өсті. Бұл өткен жылы 20,5%-ға өскен сыртқы сауда-саттық айналымында да (экспорт 26,4%-ға, импорт 11,1%-ға өсті), 2014 жылдан бері бірінші рет балансқа қарай қозғалысы байқалған мемлекеттік қаржы мен еліміздің сыртқы шоттарына да әсер етті.

2018 жылы еңбек нарығында жалақының нақты өсімі 2,1% құрады, өнеркәсіп, құрылыс, сауда-саттық салаларында нақты жалақы 5%-6%-ға өсті, мемлекеттік басқаруда 4%-ға, білім беру саласында 1,7%-ға өсті, ауыл шаруашылығында (-3,8%), телекоммуникацияда (- 1,6%), мүлікпен жасалатын операциялар бойынша (-1,8%), денсаулық сақтау саласында (-2,8%) төмендеу байқалды. Жұмыссыздық деңгейі 4,8%-ды құрады.

Өткен жылы ел экономикасында орын алған оқиғалардың ішінен Президенттің «5 әлеуметтік бастама» атты жоспарды қабылдауын және «Қазақстан–2025» стратегиялық даму жоспарын, Қазақстанның жаңа салық кодексінің қолданысқа енгізілуін, ККБ мен Халық банкінің бірігуін, үш банктің лицензияларының қайтарып алынғанын, «7-20-25» ипотекалық бағдарламасының бекітілуін, «Астана» халықаралық қаржы орталығының іске қосылуын және Kcell компаниясы акциясының 75%-ын Қазақтелекомға сатуын атап өтуге болады.

2017-2018 жылдары экономика 4%-ға өскеннен кейін, ағымдағы жылы 3,8%-ға дейін шағын баяулау күтіледі, бұл Қашаған мұнай-кен орнында жөндеу жұмыстары жоспарланғандықтан, сондай-ақ өткен жылғы салыстыру базасы жоғары болғандықтан, кен өндіру саласында динамиканың төмендеуіне байланысты болды. Ел экономикасының диверсификация және импорт алмастыру процесінде елеулі жетістіктердің болмауына байланысты, экономика әлемдік саясат пен экономикадағы сыртқы процестердің алдында осал болып қалады. Жылдық орташа инфляция Ұлттық Банктің мақсатты дәлізінің шамамен жоғары шегінде – 5,5-6% деңгейінде қалыптасады, инфляцияға қарсы факторлар көрші РФ-дағы инфляция динамикасы, Қазақстанның негізгі экспорттық тауарларына конъюнктураның төмендеуі болады.

## 2018 ЖЫЛҒЫ БАНК СЕКТОРЫ

2018 жылы банк секторын «тазарту» жалғастырылды, 01.01.2019 жылғы жай-күйі бойынша екінші деңгейдегі банктердің саны 28 банкті құрады (01.01.2018 жылғы жай-күйі бойынша – 32 ЕДБ). Осылайша өткен жылдың ішінде «Qazaq Banki» АҚ-тың, «Астана банкі» АҚ-тың, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ-тың лицензиялары қайтарылып алынды, оған қоса еліміздің екі ірі қаржы институты – «Қазақстан Халық банкі» АҚ пен «Қазкоммерцбанк» АҚ-тың бірігуі аяқталды.

Сонымен бірге 2018 жылы банк секторында өтімділіктің құрылымдық профициті сақталды, оның көлемі басым бөлігі ҚР Ұлттық Банкінің қысқамерзімді ноталарымен алынды. 2018 жылғы желтоқсанның аяғында айналымдағы ноталар көлемі жылдың басынан бастап 10,6%-ға өсіп, 3 521,6 млрд теңгені құрады. Орналастырылған 7-күндік ноталар бойынша ортаөлшемді кірістілік 8,78% құрады (2017 жылы 10,03% құрады).

Ақша нарығында операциялар жүргізген кезде, ҚР ҰБ таргеттелетін мөлшерлемесі болып табылатын TONIA индикаторы 2018 жылдың ішінде базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізі шегінде қалыптасты. Өтімділік профициті TONIA мөшерлемесінің көбінесе базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінің деңгейінде болуын қамтамасыз етті, бұл ретте кейбір өзгерістер теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі аясында теңге өтімділігіне деген сұраныстың артуына байланысты болды. 2018 жылғы желтоқсанда TONIA ортаөлшемді мәні жылдық 8,35% құрады (2017 жылғы желтоқсанда 9,31% құраған).

**Базалық мөлшерлеменің және TONIA индикаторының динамикасы**




TONIA, % / Базалық мөлшерлеме, %

2018 жылдың қорытындысы бойынша екінші деңгейдегі банктердің активтерінің көлемі 4,5%-ға өсіп, 01.01.2019 жылғы жай-күйі бойынша 25 244,0 млрд теңгені құрады. Активтер құрылымының басым бөлігін 13 762,7 млрд теңге сомасындағы несие портфелі (негізгі борыш) (50,7%) алады, ол өткен жылмен салыстырғанда, 1,3%-ға өскен. 2018 жылы портфель өсуінің драйвері өткен жылдағыдай бөлшекті кредит беру болды. 2019 жылдың басында жеке тұлғалардың қарыз портфелі 4 993,4 млрд теңгені құрады, жылдың басынан бастап портфельдің өсімі 17,2% құрады, ал оның ЕДБ жиынтық несие портфеліндегі үлесі 31,3%-дан 36,3%-ға дейін өсті. Қарастырылып жатқан кезеңде заңды тұлғалардың қарыздары 6,4%-ға, яғни 3 928,0 млрд теңгеге дейін азайды, ШОБ қарыздары 2,1%-ға төмендеп, 4 567,1 млрд теңгені құрады.

### ЕДБ несие портфелінің динамикасы




ЕДБ несие портфелі, млрд теңге / "Өсу қарқыны, %

2018 жылы банктер өз портфельдерін «нашар кредиттерден» тазартуды жалғастырды, осылайша NPL (мерзімінен 90 күннен астам уақытқа кешіктірілген кредиттер) үлесі бір жыл ішінде 9,3%-дан 7,4%-ға, ал резерв құру деңгейі (несие портфеліне құрылған провизиялар көлемі) 15,6%-дан 12,9%-ға төмендеді.

Өткен жылы банк секторының жиынтық міндеттемелерінің көлемі 5,2%-ға өсіп, 2019 жылдың басында 22 222,3 млрд теңгені құрады. ЕДБ міндеттемелерінің басым үлесін (76,7%) клиенттердің салымдары құрайды, олар жыл қорытындысы бойынша 2,2%-ға, яғни 17 043,0 млрд теңгеге дейін өсті. Салымдар өсімі жеке тұлғалар салымдарының 6,6%-ға өсуімен қамтамасыз етілді, олардың көлемі жылдың басында 8 771,0 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 8 272,0 млрд теңгені құрады, яғни 2018 жылдың басынан бастап 2,1%-ға төмендеді.

### ЕДБ салымдарының динамикасы




ЖТ салымдары, млрд теңге / ЗТ салымдары, млрд теңге

Ұлттық валюта бағамының құбылуы аясында депозиттік базаны долларсыздандыру деңгейі жеткілікті жоғары дәрежеде қалды: шетел валютасындағы депозиттер үлесі жылдың аяғында 46,8% құрады (жылдың басымен салыстырғанда -0,7 п.п.).

# Қаржы қызметінің нәтижелеріне шолу



**2005 жыл...**

The Banker журналының мәліметтеріне сәйкес «Банк ЦентрКредит» АҚ өтпелі экономикасы бар елдердің 50 ең қарқынды дамушы банктері рейтингінде 7-ші орынды иеленді.

Банктің құрылымында Халықаралық қатынастар департаменті құрылды.

«Эксклюзив» журналының кезекті тәуелсіз рейтингіне сәйкес ЦентрКредит Банкі Қазақстанның банктік нарығындағы көшбасшылардың бестігіне қайта кірді.

Visa Inetrnational халықаралық төлем жүйесі ЦентрКредит Банкінің мәртебесін эмиссия және эквайринг жүргізетін, сондай-ақ осы төлем жүйесімен барлық есеп айырысуларды тікелей іске асыратын тұрақты мүшесіне (Principal Member) дейін көтерді.

Western Union компаниясы ЦентрКредит Банкін «Бизнесті дамыту үшін» номинациясында Еуропа және ТМД агенттері арасында жеңімпаз ретінде танып, «Алтын гүлдесте» сыйлығымен марапаттады.

2003-2005 жж. Банк жаңа IT платформасына негізделген RISC жоғары өндіруші серверге көшті, жекелеп кредит беруге арналған скоринг жүйесін, сондай-ақ деректерді өңдеу бойынша қазіргі заманға сай орталықты іске қосты.

Банктің Мәскеу қаласындағы өкілдігі ашылды.

05

## АКТИВТЕР

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2018 жылы Банк тобының активтері 14,1%-ға ұлғайып, 1 517,8 млрд теңге деңгейіне жетті. Бұл ретте ЦентрКредит Банкінің активтері 1 514,7 млрд теңгені құрады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Банк Қазақстандағы банк жүйесінің жиынтық активтерінің 6,0% үлесін иемденіп, нарықта 6-позицияға көтерілді.

**Банк тобы активтерінің динамикасы, млрд теңге**




**Банк тобы мен Банк активтерінің құрылымы:**

| (млн теңге) | Банк тобының активтері | | | Банктің активтері | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2018 | 2017 | +/– % | 2018 | 2017 | +/– % |
| **Ақша қаражаты және олардың баламалары** | 175 413 | 188 056 | -7% | 175 235 | 187 913 | -6,7% |
| **Клиенттерге және банктерге берілген несиелер** | 968 684 | 831 251 | 17% | 1 011 213 | 816 913 | 23,8% |
| **Қаржы құралдары және бағалы қағаздар** | 220 466 | 183 727 | 20% | 204 964 | 172 946 | 18,5% |
| **Банктердегі қаражат** | 31 292 | 13 140 | 138% | 31 292 | 13 140 | 138,1% |
| **Өзге активтер** | 121 905 | 114 324 | 7% | 91 966 | 139 175 | -33,9% |
| **Барлығы:** | **1 517 760** | **1 330 498** | **14,10%** | **1 514 670** | **1 330 087** | **13,9%** |

2018 жылы Банк кредит қызметінің қарқынын арттыру бойынша жұмыс жүргізді, оны клиенттердің несие портфелінің 9,0%-ға немесе 83,4 млрд теңгеге өсуі (брутто) растайды. Несие портфеліндегі корпоративтік кредиттеу үлесі 46,5% құрайды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша бөлшекті бизнеске берілетін қарыздардың («7-20-25» және «баспана Хит» бағдарламаларының аясында берілген қарыздарды қосқанда) меншікті үлесі 41,2% деңгейінде белгіленді. Шағын және орта бизнеске берілген кредиттердің үлесі кредиттердің несие портфелінің 12,3%-ын құрады.

**Банк тобы клиенттерінің несие портфелінің құрылымы (брутто)**




Кредиттік тәуекелдерді бақылау және төмендету маңыздылығын ескере отырып, Банк кредиттердің сапасымен жұмыс істеуге баса назар аударды. Нәтижесінде несие портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі (ҚР ҰБ бойынша NPL) бір жыл ішінде 7,9%-дан 6,4%-ға дейін төмендеді. 2018 жылы портфель бойынша құнсыздану резервтері 6,9%-ға өсті. 01.01.2019 жылғы жай-күйі бойынша резерв құру деңгейі 12,4% құрады, алдыңғы жылы бұл көрсеткіш 12,2% құраған.

# МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес 2018 жылы Банк тобының жиынтық міндеттемелері 17,4%-ға өсіп, 1 411 млрд теңгені құрады. Бұл кезде ЦентрКредит Банкінің міндеттемелері 17,1%-ға артып, 1 407 млрд теңгені құрады.

**Банк тобы міндеттемелерінің динамикасы, млрд теңге**




**Банк тобы мен Банк міндеттемелерінің құрылымы:**

| (млн теңге) | Банк тобының міндеттемелері | | | Банктің міндеттемелері | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2018 | 2017 | +/- % | 2018 | 2017 | +/- % |
| **Банктердің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері** | 125 650 | 98 791 | 27% | 121 823 | 97 908 | 24,4% |
| **Клиенттер мен банктердің қаражаты** | 1 074 530 | 976 952 | 10,00% | 1 078 079 | 977 304 | 10,3% |
| **Шығарылған борыштық БҚ** | 70 147 | 17 328 | 305% | 70 585 | 17 366 | 306,5% |
| **Реттелген облигациялар** | 71 915 | 75 454 | -5% | 72 054 | 75 605 | -4,7% |
| **Өзге міндеттемелер** | 68 420 | 33 090 | 107% | 64 627 | 33 223 | 94,5% |
| **Барлығы** | **1 410 662** | **1 201 615** | **17,40%** | **1 407 168** | **1 201 406** | **17,1%** |




Банк тобы міндеттемелерінің құрылымында басым үлесті жеке тұлғалардың салымдары (41% немесе 584 млрд теңге) құрайды. Банк бұл сегментте 6,8% үлесімен нарықта 5 позицияға орналасқан. Заңды тұлғалар салымдарының міндеттемелердегі үлесі 491 млрд теңгені, яғни 35% құрайды. Банктің заңды тұлғалардың салымдары нарығындағы үлесі 5,5% құрады, бұл – 6-позиция.

2018 жылы шығарылған борыштық бағалы қағаздардың көлемі 17 млрд теңгеден 70 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Банк 5,5 млрд теңге мөлшерінде реттелген облигацияларды қосымша орналастырды, бұл облигациялар Банктің пруденциалдық меншікті капиталына кіреді.

## КАПИТАЛ

2018 жылы Банк тобының капиталы 16,9%-ға төмендеп, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша 107 млрд теңгені құрады. Капиталдың азаюына:

- шығарылым шарттарының реттеуші капиталға қосу үшін белгіленген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты Банктің 11,7 млрд теңге көлеміндегі меншікті артықшылықты акцияларды өзнің сатып алуы;
- 9-шы ХҚЕС стандартарына өтуге байланысты өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда есебінен 20,0 млрд теңге мөлшерінде резервтің құрылуы себеп болды.

**Банк тобы капиталының динамикасы, млрд теңге**




**Банк тобының және Банктің капиталының құрылымы:**

| (млн теңге) | Банк тобының капиталы | | | Банктің капиталы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2018 | 2017 | +/- % | 2018 | 2017 | +/- % |
| Жарғылық капитал | 57 600 | 69 569 | -17% | 58 170 | 69 856 | -16,7% |
| Резервтік капитал | 841 | 3 343 | -75% | -2144 | 3 344 | -164,1% |
| Бөлінбеген пайда | 48 280 | 55 575 | -13% | 51 476 | 55 481 | -7,2% |
| Бақыланбайтын иелік үлестері | 377 | 396 | -5% | | | |
| **Барлығы:** | **107 098** | **128 883** | **–16,9%** | **107 502** | **128 681** | **–16,5%** |
| **Оның ішінде таза кіріс** | **9 169** | **28 871** | **–68,2%** | **9 623** | **30 301** | **–68,2%** |

01.01.2019 жылғы жай-күйі бойынша Банктің пруденциалдық меншікті капиталы 200,6 млрд теңгені құрады. Бірінші деңгейдегі капитал 117,6 млрд теңгені құрады, бұл кезде артықшылықты акцияларды сатып алу, 9-шы ХҚЕС стандартарына өтуге байланысты өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайда есебінен резерв құру, сондай-ақ реттелген борыш амортизациясы капиталдың азаюына себеп болды. Екінші деңгейдегі капитал 94,4 млрд теңгені құрады, бұл көрсеткіштің төмендеуі реттелген борыштың амортизациясы есебінен болды. Бұл ретте Банк тобының да, Банктің де барлық пруденциалдық және реттеуші өзге нормативтерді артығымен орындайтынын атап өту қажет.

**ЦентрКредит Банкі капиталының жеткіліктілік коэффициенті**




## ҚАРЖЫНЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

Банктің қаржы тобының қызметіндегі маңызды бағыттардың бірі қаржы ағымдарын басқаруда жедел шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін аналитикалық жүйелерді дамыту болып табылады. Қазіргі сәтте аналитиканы дамыту аясында бірнеше ауқымды жобалар іске асырылды.

- Болжамды аналитиканы қолдану арқылы қаржыны жоспарлау процесі автоматтандырылды. Жаңа жүйе excel нысанында деректерді қолмен өңдеуден бас тартуға мүмкіндік берді және жоспардың бірнеше нұсқасын дайындау, түзету және келісімге алу жеделдігін қамтамасыз етеді. «Қаржыны жоспарлау» қосымшасы жоспарлы қаржылық есептілікті, сату жоспарларын, шығыстар және инвестициялар бюджетін және басқаларды нақты құруды қамтамасыз етеді. Осы жобаны іске асырғаны үшін 2019 жылы Банк «Global CIO» Ресейдің кәсіби IT-директорларының қауымдастығы ұйымдастырған конкурста жеңіске жеткені үшін «Жақын шетел» номинациясында марапатқа ие болды.
- Банктің негізгі аналитикалық платформасы IBM Cognos Business Intelligence жүйесі болып табылады, бұл – қызметтердің кең диапазонына қол жеткізуді қамтамасыз етеін, қажетті басқарушылық есептерді автоматтандыруға мүмкіндік беретін бизнес-аналитика бағдарламаларының біріктірілген жиынтығы.

## КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТ

Кредиттеу қарқынын арттыру бойынша Банктің жүргізіп жатқан жұмысы қолайлы нарықтық тенденциялармен бірге ЦКБ клиенттерінің кредит портфелінің өсуі бойынша оң динамика көрсетті, 2018 жылдың қорытындысы бойынша 9,0%-ға, яғни 1 014,1 млрд теңгеге дейін («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламаларының аясында берілген қарыздарды қосқанда) артты. Бұл өз кезегінде Банкке өзінің нарықтағы позициясын жақсартып, несие портфелінің көлемі бойынша 6-орыннан 5-орынға көтерілуге мүмкіндік берді.

**Клиенттерге берілген кредиттер**




01.01.2019ж. жай-күйі бойынша Банктің валюталық қарыздар көрсеткіштері ҚР ЕДБ арасындағы ең төмен көрсеткіштердің бірі (22%), осылайша Банк теңге девальвациясына байланысты туындайтын тәуекелдерге аз ұшырайды.




Банктің несие портфелі әртараптандырылды, басым үлесін «сауда-саттық» (12%) және «Мүлікті жалға беру» (11%) салалары бойынша кредиттер алады. Қалған салалардың үлесі 10%-дан аспайды.

**Несие портфелінің құрылымы**




Банктің 2018 жылғы маңызды міндеттерінің бірі несие портфелі өсімінің жағымды трендін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге оның сапалық көрсеткіштерін жақсарту болғанын атап өту қажет. Жылдың ішінде өткізілген іс-шаралар нәтижесінде кредит портфеліндегі жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) үлесі бір жылдың ішінде 7,9%-дан 6,4%-ға төмендеді (ҚР ҰБ әдістемесі бойынша), бұл ҚР ҰБ белгілеген көрсеткіштерден аспайды.

# Қызметтің негізгі бағыттарын шолу



**2006 жыл...**

Алматы облыстық филиалы ашылды.

ЦентрКредит Банкі жеке процессинг орталығын пайдалануға енгізді.

BCC Invest еншілес компаниясы Қазақстанның қор биржасына шығарылған компаниялардың саны бойынша отандық бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қатысушылар арасында 1-ші орынды иеленді және бағалы қағаздар саудасының жалпы көлемі бойынша нарықтағы жетекшілердің бірі болып танылды.

'06

Бейбітшілік және келісім сарайы

## БӨЛШЕКТІ БИЗНЕС

2019 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі бойынша жеке клиенттердің (ЖТ/ЖК) несие портфелі («7-20-25» және «Баспана Хит» бағдарламаларының аясында берілген кредиттерді қосқанда) 417,4 млрд теңгені құрады, жалпы саны 86 463 кредит берілді. Портфель бойынша өсу қарқыны 19,3% құрады.

**Бөлшекті бизнестің несие портфелінің динамикасы (брутто)**




2018 жылы Банк жеке тұлғаларға кепілсіз кредит беру бойынша бағдарламаларды іске қосты және кепілді ипотекалық кредит беру бойынша көшбасшы позициясын сақтап қалды.

**2018 жылы жалпы сомасы 147 131 млн теңгені құраған 32 306 кредит берілді, оның ішінде:**

- Ипотекалық кредиттер – жалпы сомасы 63 826 млн теңгені құрайтын 6 718 кредит;
- Тұтыну қарыздары (кепілді) – жалпы сомасы 28 194 млн теңгені құрайтын 5 479 кредит;
- Тұтыну қарыздары (кепілсіз) – жалпы сомасы 18 214 млн теңгені құрайтын 16 574 кредит;
- Жеке кәсіпкерлікке берілген кредиттер – жалпы сомасы 33 326 млн теңгені құрайтын 2 929 кредит;
- Автокөлік сатып алу үшін берілген кредиттер – жалпы сомасы 3 571 млн теңгені құрайтын 606 кредит.

Өткен жылы тұтыну кредиттерінің көлемі 01.01.2019ж. жай-күйі бойынша жеке клиенттердің несие портфелінің 31,3% құрап, 113,9 млрд теңгеден 130,5 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Ипотекалық кредиттер несие портфелінің құрылымында басым үлесін сақтап, үлес салмағы 2,6%-ға артты.

**Бөлшекті бизнестің несие портфелінің құрылымы (брутто)**




Жеке тұлғалардың салымдары бойынша көрсеткіштер 2018 жылдың қорытындысы бойынша 583,8 млрд теңгені құрады, 2017 жылғы деңгейімен салыстырғанда, 15,7%-ға артты. Банк нарықтағы 6,8% үлесімен ҚР екінші деңгейдегі банктерінің ішінде жетінші позициядан бесінші позицияға көтерілді.

**Бөлшекті салымдар динамикасы**



2018 жылы тиімді тарифтік саясат, тарифтерді автоматтандыру, қолданыстағы өнімдердің қызметтерін кеңейту, өнімдер мен қызметтердің кросс-селлингі бағыты бойынша филиалдардың жұмыс қарқынын арттыру есебінен бөлшекті бизнестен алған комиссиялық кірістің өсуі байқалады. Осылайша клиенттік базаның (Жалақы жобасына қатысушы қызметкерлер) өсімі 21 583 адамды құрады, клиенттер пайдаланатын өнімдер бойынша өсім – 187 139 бірлік, жалақы жобасына қатысушылар арасында кросс-селлинг коэффициенті 0,93-тен 1,29-ға көбейді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың өткізу желісі 2019 жылғы 01 қаңтардағы жай-күйі бойынша 18 филиалдан және олардың 102 құрылымдық бөлімшесінен тұрады. 2018 жылы 8 ФҚБ ашылып, 7 ФҚБ жабылды.

### Ипотекалық кредит беру бағдарламалары бойынша көшбасшы

- Банк «Нұрлы жер», «7-20-25» бағдарламаларын ЕДБ арасында бірінші болып іске қосты;
- Банк «7-20-25» тұрғын үй ипотекалық кредит беру бағдарламасы аясында бірінші болып ипотекалық кредит берді және берілген қарыздар көлемі бойынша 83 % үлесімен ЕДБ арасында үздік атанды;
- Банк алғашқылардың бірі болып «Баспана Хит» бағдарламасын іске асыруға кірісті.

### Western Union бойынша ҚР-дағы үздік банк

- 1996 жылы «Банк ЦентрКредит» АҚ Western Union компаниясымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойған алғашқы қазақстандық банк болды;
- Банк Компанияның ҚР аумағындағы ең ірі өкілі болып табылады, 8 субагент банкпен Western Union жүйесі бойынша ынтымақтастық туралы келісім жасаған;
- 2018 жылы Банк Орта Азия банктерінің арасында Қазақстанда шығарылған, 3D Secure қызметін қолдайтын төлем карточкаларын ұстаушылардың барлығына 200 астам елге және дүние жүзі аумағында тәулік бойы 24/7 режимінде ақша аударымын online жөнелту сервисін іске асыру бойынша эксклюзивті серіктес мәртебесін алды.

### Инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысушы

- «Цифрлы Қазақстан» жобасын дамыту аясында Банк ЕДБ арасында алғашқылардың бірі болып ЕРАП жүйесінде айыппұлды автоматты түрде (online) өтеу мақсатында ҚР БП ҚСжАЕК-мен барлық арналарды біріктіруді (Е-айыппұл) іске асырды.
- Бүгінгі таңда Банк белсенді түрде ҚР ҚМ МКК-мен ЖТ алдағы салық төлемдері туралы мәліметтерді беру бойынша ақпаратты біріктіруді іске асыруға қатысты ынтымақтастық құруда.
- 2018 жылы Банк таратылған «Delta Bank» АҚ және «КазИнвестБанк» АҚ банктерінің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша Агент банк мәртебесіне ие болды.

## КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

ЦентрКредит Банкінің корпоративтік бизнес тобына Корпоративтік қаржы департаменті мен Шағын және орта бизнес департаменті кіреді.

Банктің стратегиясына сәйкес 2018 жылы жаңа ұйымдық құрылым ендірілді, ол шағын және орта бизнес сегментіндегі клиенттерді тартуға, оларға банк өнімдерін сатуға және қызмет көрсетуге ден қоюға мүмкіндік береді.

01.01.2019ж. жай-күйі бойынша Банк қызмет көрсететін заңды тұлғалар саны – 44 637, оның ішінде ірі бизнес клиенттері – 970, орта бизнес клиент-тері – 1 745, шағын бизнес клиенттері – 41 922.

Сонымен бірге қарыз алушылар саны – 1145 клиент, кредиттер саны – 5 353.

| Кредиттер саны | Кредиттер саны | Кредиттер саны |
|---|---|---|
| **ШБ: 2911** | **КБ: 1347** | **ОБ: 1095** |
| Қарыз алушылар саны | Қарыз алушылар саны | Қарыз алушылар саны |
| **ШБ: 826** | **КБ: 120** | **ОБ: 199** |

01.01.2019ж. жай-күйі бойынша заңды тұлғалардың несие портфелі бір жыл ішінде 20,2 млрд теңгеге немесе 3,5%-ға ұлғайып, 596,7 млрд теңгені құрады. Бұл ретте корпоративтік бизнес портфелі бір жылда 1,0%-ға, яғни 472,0 млрд теңгеге дейін өсті, ал шағын және орта бизнес портфелі 14,4%-ға, 124,7 млрд теңгеге дейін өсті.

ЗТ несие портфелінің динамикасы кредит портфеліндегі ШОБ үлесін арт-тыру диверсификациясы бойынша Банктің Стратегиясына сәйкес келеді.

**Заңды тұлғалардың несие портфелінің динамикасы (брутто)**




2019 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтерге сәйкес өңірлер бойынша ірі биз-нестің несие портфеліндегі басым үлесті келесі филиалдар алды: Алматы – 56%, Шымкент – 14%, Орал – 10%, Қарағанды – 8%, Астана – 4%, Қызылорда – 2%.




Шағын және орта бизнес бойынша Банктің кредит портфеліндегі басым үлесті келесі қалалардағы филиалдар алады: Алматы – 27%, Астана – 10%, Қарағанды – 6%, Орал, Шымкент, Қызылорда 5%-дан.



Банк шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларға белсенді түрде қатысады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Банк мемлекеттік бағдарламалар аясында тартылған қаражат есебінен 43,2 млрд теңгеден асатын сомаға 1,8 мыңнан аса қарыз берді.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында Банк заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің қарыздарын субсидиялау және оларға кепілдік беру бойынша 3-орынға нық орналасты. 01.01.2019ж. жай-күйі бойынша Банктің портфелінде:

субсидиялау бойынша көлемі 205,17 млрд теңгені құрайтын 1 802 кредит бар, жылдық өсімі: саны бойынша – 258 кредит, көлемі бойынша – 69,97 млрд теңге;

кепілдік беру бойынша көлемі 11,3 млрд теңгені құрайтын 896 кредит бар, жылдық өсімі: саны бойынша – 252 кредит, көлемі бойынша – 3,4 млрд теңге.

**Сондай–ақ 2018 жылы**
**Банк келесі бағдарламаларға қатысты:**

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017−2021 жылдарға арналған бағдарламасы;
- Азиялық даму банкі берген қарыздар есебінен микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру бағдарламасы;
- «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы;
- ДАМУ қорының өңірлерді қаржыландыру бағдарламалары;
- Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін Аграрлық кредит корпорациясының «Кең Дала» бағдарламасы.

2018 жылғы тамызда Банк пен Европалық қайта құру және даму банкінің арасында микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру үшін 45 млн USD сомасына келісім жасалды. Алған қаражатты Банк айналым капиталын толықтыру, негізгі құралдарды сатып алу және жаңарту, сондай-ақ басқа банктер берген кредиттерді қайта қаржыландыру үшін шектеусіз барлық салалардағы ШОБ кредиттеуге бағыттайды. Бағдарлама бойынша бір қарыз алушыға белгіленген ең жоғары лимит 1,080 млрд теңгеге дейін қаржыландыруға жол беріледі.

Банк 2018 жылғы желтоқсанда банк секторында бірінші болып Басым жобаларға кредит беру механизмі аясында берілген қаражатты тартты. Бағдарлама бойынша кәсіпкерлерді қаржыландыру өңдеуші өнеркәсіп пен агроөнеркәсіп секторы жобалары бойынша жүргізіледі.

01.01.2019ж. жай-күйі бойынша заңды тұлғалар салымдарының көлемі 490 723 млн теңгені құрады, бұл 01.01.2018 жылмен салыстырғанда, 20 044 млн теңгеге көп. Корпоративтік салымдар өсімі бір жылда 4,3% құрады.

**Заңды тұлғалар салымдарының динамикасы**




2018 жылы Корпоративтік бизнес тобы бойынша комиссиялық өсім болды, оның ішінде жылдың қорытындысы бойынша кепілдіктер бойынша комиссиялар 3 853 млн теңгені құрады, бұл өткен жылға қарағанда 765 млн теңгеге көп.

**Кепілдіктер бойынша комиссиялар, млн тг**




Есепті жылдың қорытындысы бойынша Банк сауданы қаржыландыру өнімдері бойынша өз позициясын сақтап қалды. Осы саладағы жетістіктердің бірі – Банктің 2018 жылы сауданы қаржыландыру саласында «Қазақстандағы ең белсенді шығарушы банк» атты ЕҚДБ номинациясын алуы.

**Корпоративтік блок бойынша нәтижелерге келесі іс–шараларды іске асыру есебінен қол жеткізілді:**

- Жылдық түсімнің, кредиттер бойынша жиынтық берешектің, аккредитивтер мен кепілдіктердің, депозиттер мен ағымдағы шоттардың сомаларына негізделген ішкі сегментацияның жаңа критерийлері әзірленді және бекітілді;
- Процесті жеңілдету және бөлімшелердің қызметкерлерін оқыту мақсатында бизнес сегменттері бойынша кредиттеу процестері өзгертілді және регламенттелді;
- Кредиттік бөлімшелердің қызметкерлері үшін ынталандырудың жаңа жүйесі ендірілді, оған кредиттер, депозиттер және комиссиялық кіріс бойынша көрсеткіштер қосылған;
- Шағын және орта бизнес сегменттерінің RM бойынша кредиттер беру нормативтері бекітілді;
- Бизнес-клиенттерге ағымдағы шот ашу процесі оңтайландырылды;
- Филиалдарда заңды тұлғаларға кредиттік емес өнімдерді сату бойынша RM ендірілді;
- Бизнес-клиенттер бойынша бюджетті жоспарлауда сегментті тәсілдеме қолданылды;
- Интернет-банкинг жүйесі арқылы валюталық төлемдерді жүргізу процесі автоматтандырылды;
- Интернет-банкинг жүйесінде Банк ішінде өз шоттарыңыздың арасында және серіктестердің шоттарына 24/7 режимінде ақша аударуға болады;
- Жаңа өнімдер әзірленді: Cash pooling, онлайн режимінде ақша айырбастау үшін трейдинг алаңы, ұсыныстар жиынтықтары, ПИК арналған депозиттер;
- Онлайн режимінде жаңа қызметтер әзірленді: бизнес-клиенттерге қосымша ағымдағы шоттар, депозиттер ашу.

## КАРТОЧКАЛЫҚ БИЗНЕС

Ағымдағы жылы Банк төлем карточкалары бойынша көптеген сервистер ендірді, олардың негізгі бөлігі клиенттерді қолма-қол ақшасыз операциялар жүргізуге ынталандыруға байланысты болды.

Electron, Maestro, Classic және Standard карталарын шығарудан бас тарту туралы шешім қабылданды. Жаңа карталарды шығару Gold және одан жоғары мәртебедегі пластик түрінде жүзеге асырылады. Осыған байланысты төлем карталары портфелінің құрылымы өзгерді: Gold және World белсенді карталарының үлесі 11,2%-дан 45,3%-ға артты.

2018 жылы қолма-қол ақшасыз операциялар көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 27,5%-ға өсті. Қолма-қол операциялар үлесінің жалпы көлемі 3%-ға өсті.

Жеке тұлғалар жүргізген кассалық операциялардың саны бір жылда 13%-ға қысқарды, StarBanking жүйесіндегі операциялар саны 40,1%-ға өсті. Кассалық операциялар үлесінің жалпы көлемі 43,4%-дан 34,3%-ға дейін қысқарды.

Жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің Gold және одан жоғары дәрежедегі барлық карталары бойынша 1000 теңге және одан жоғары сомаға қолма-қол ақшасыз операция жүргізген кезде, CashBack есептеу белгіленді.

Қараша айында Apple Pay мобильді контактісіз төлемдер жүйесі, сондай-ақ Visa карталарын ұстаушылар үшін Garmin Pay контактісіз төлемдер сервисі іске қосылды. Apple Pay қызметін Банк Қазақстан Республикасы банктерінің арасында алғашқылардың бірі болып іске қосты.

Банктің 30-жылдық мерейтойының құрметіне орай премиум санатындағы Visa Infinite карталарының лимиттелген шығарымы іске қосылды. Картаның көмегімен клиенттер жоғары CashBack және Visa премиум платформасының барлық артықшылықтарын алады.

2018 жылы Банк «E-com электрондық коммерция» жобасын іске асырды, оның аясында Интернет арқылы тауарларды/қызметтерді қашықтан іске асыруға арналған алаңдары бар сауда-сервис кәсіпорындары халықаралық төлем жүйелерінің банктік карточкаларын төлемге қабылдау мүмкіндігін алды.

Сондай-ақ ағымдағы жылы Банк UnionPay International халықаралық төлем жүйесінің карталарын эмиссиялауды бастады, Visa PayWave / Mastercard PayPass контактісіз карталарын шығаруға көшті, Интернет/ StarBanking арқылы төлем карталары бойынша ақша аудару сервисін іске қосты.

Дистанциялық банкингті дамыту аясында StarBanking жүйесінің қызметі кеңейтілді. StarBanking қосымшасының дизайны жаңартылды, қосымшаға Touch ID, Face ID, PIN-код арқылы кірудің ыңғайлы болуына басты назар аударылды, қосымшада тіркелу процесі жеңілдетілді, түстердің үйлесімділігі өзгертілді. Сондай-ақ әкімшілік айыппұлды онлайн төлеу іске асырылды, мобильді телефон нөмірі бойынша ішкі ақша аударымдары іске қосылды, ағымдағы шотты жабу жүзеге асырылды, сейф ұяшықтарын жалдау ақысын төлеу қызметі қолжетімді болды, сонымен бірге StarBanking жүйесінде жеке дизайнмен карталарды шығару сервисі ендірілді.

Есепті жылы 111 жаңа банкомат және 100 жаңа өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы іске қосылды.

## ҚОР НАРЫҒЫНДА ЖӘНЕ БАНКАРАЛЫҚ НАРЫҚТА

### Халықаралық қатынастар

Халықаралық қатынастарды өзінің дамуының ең маңызды құрама бөлігі ретінде қарастыра отырып, есепті жылы ЦентрКредит Банкі шетелдік қаржы институттарымен, оның ішінде Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) белсенді түрде бірлесіп әрекет етуді жалғастырды.

**ЦКБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ–пен ынтымақтастықта ЕҚДБ–ның келесі бағдарламаларына қатысты:**

- МШОБ 1 (микро, шағын және орта бизнеске кредит беру);
- Әйелдер кәсіпкерлігі 1;
- ШОБ 2 (шағын және орта бизнеске кредит беру);
- Әйелдер кәсіпкерлігі 2;
- ШОБ 3 (микро, шағын және орта бизнеске кредит беру).

Барлық қарыздар МШОБ кредиттеу саласындағы ЦКБ-нің ішкі әлеуетін әрі қарай нығайту мақсатында ЕҚДБ-ның техникалық көмек көрсету бағдарламасымен сүйемелденеді.

ЦентрКредит Банкі әлемнің жетекші банктерімен, сондай-ақ ТМД елдеріндегі, Қазақстандағы және алыс шетелдегі қаржы институттарымен корреспонденттік қатынастарын жалғастырып келеді. Бұл біздің клиенттеріміздің сауда-қаржы операцияларының ауқымын кеңейтуге септігін тигізеді.

ЦентрКредит Банкінің тұрақты дамуын, тұрақты қаржылық жағдайын және кредиттік қабілеттілігін халықаралық рейтинг агенттіктері де атап көрсетті. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша ЦентрКредит Банкі келесі кредиттік рейтингтерге ие болды: Fitch: B; S&P: B; Moody's: B2.

**2018 жылғы 31 желтоқсандағы жай–күйі бойынша халықаралық кредиттік рейтингтер:**

| Рейтинг агенттігі | Ұзақмерзімді рейтинг | Болжам |
|---|---|---|
| Standard & Poor's | B | Тұрақты* |
| Fitch Ratings | B | Тұрақты** |
| Moodys' Investors Service | B2 | Тұрақты*** |

*2018 жылғы 28 қарашада Standard&Poor's рейтинг агенттігі ЦКБ-нің ұзақмерзімді рейтингін «В» деңгейінде белгіледі. Рейтингтер бойынша болжам «тұрақты».*

*** 2018 жылғы 10 желтоқсанда Fitch Ratings рейтинг агенттігі ЦКБ-нің ұзақмерзімді рейтингін «В» деңгейінде растады. Рейтингтер бойынша болжам «тұрақты».*

*** 2018 жылғы 12 шілдеде Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі ұзақмерзімді рейтинг болжамын «жағымсыз» деген болжамнан «тұрақты» деген болжамға өзгертті. ЦКБ-нің қалған рейтингтерін Moody's рейтинг агенттігі бұрынғы деңгейде растады.*

## Қор нарығындағы және банкаралық нарықтағы операциялар

2018 жылы Банк жалпы сомасы 85 млрд теңгеге облигациялардың екі шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырды: айналыс мерзімі 12 айдан аспайтын облигациялар шығарылымы (15 млрд теңге) үшінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығарылымы (70 млрд теңге). Осы облигациялар «Негізгі» алаңының «Борыштық бағалы қағаздар» секторының «Облигациялар» санаты бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне кіргізілді.

2018 жыл ішінде Банк «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мамандандырылған сауда-саттық өткізу арқылы жалпы сомасы 59,7 млрд теңгеге жаңа, сонымен қатар бұрын тіркелген облигациялардың шығарылымын орналастырды.

Сонымен қатар облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес Банк 2018 жылы жалпы сомасы 6,0 млрд теңгеге облигациялар шығарылымын жоспарлы түрде өтеді. Облигациялар шығарылымын өтеу соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы айналыстағы облигациялардың атаулы құны бойынша жүзеге асырылды.

ЦентрКредит Банкі ҚР ҰБ-ның қысқамерзімді ноталарын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық облигацияларын сатып алу бойынша бастапқы дилер болып табылады, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-та мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу-сату бойынша брокердің қызметін көрсетеді.

ЦКБ 2018 жылдың қорытындысы бойынша репо операциялары нарығына белсенді қатысушылардың бірі болып табылады. ЦКБ ішкі және сыртқы нарықтарда мемлекеттік және мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер жасайды.

## Кастодиандық қызмет

### Кастодиан – ЦКБ клиенттерінің активтері:

- Кастодиандық қызмет аясында ЦентрКредит Банкі клиенттердің активтерін есепке алу және сақтау қызметтерін көрсетеді, сонымен қатар қазақстандық нарық пен шетелдік нарықта кастодиандық сақтауға берілген активтер бойынша көшбасшы орындарды иеленеді.
- Қазынашылық департаментінің Кастодиандық қызмет көрсету басқармасы сақтауға берілген активтерінің жалпы көлемі 250 млрд теңгеден асатын 26 клиентке (инвестициялық қорлар, жылжымайтын мүлік қорлары, сақтандыру компаниялары мен брокерлік компаниялар) қызмет көрсетеді.
- Кастодиан клиенттерінің шоттары бойынша ақша қаражатының орташа айлық айналымы – 150 млрд теңге.
- Орташа алғанда бір айда жасалатын мәмілелер саны – 150.
- The Bank of New York Mellon банкінде Nexen қашықтан қызмет көрсету терминалымен байланыстырылған шоттардың болуы T+0 ішінде халықаралық мәмілелерді есептеуге, операциялардың мәртебелерін, шоттардағы қалдықтар мен ақша қозғалысын қадағалап отыруға, нақты уақыт режімінде үзінді көшірмелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

# ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР

## Мемлекеттік органдардың сауалдарын өңдеуді орталықтандыру

ОББ клиенттердің шоттарының болуы/болмауы, ақша қаражатының қозғалысы, клиенттердің шоттарына салынған ауыртпалықтар және шоттардағы қалдықтар туралы екінші деңгейдегі банктердің, уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сауалдарына жауап беру функционалын орталықтандырды. Орталықтандыру аясында транзакцияларға жүргізілген сапалы сараптама, оның ішінде заңдық сараптама клиенттердің мүдделерінің, қолданыстағы заңнаманың бұзылуы бойынша тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді және банктің операциялық тәуекелдерін елеулі түрде төмендетеді. Білім мен тәжірибе қатар жүретін бірыңғай біліктілік орталығы құрылды. Өз кезегінде бұл орталық тәуекелдерді барынша азайту бойынша қойылған міндеттерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Өңдеудің толық циклінің ендірілуіне байланысты Жеке сот орындаушылары сауалдарының 98%-ы Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің электрондық арнасында өңделеді.

### Шоттарды ашу, жабу туралы хабарламаларды жөнелтуді орталықтандыру

ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер департаментіне шоттарды ашу, жабу туралы хабарламаларды жөнелту функционалы толығымен орталықтандырылды. Бұл жағдай осы процеске тартылған жұмыскерлер санын он сегізден екіге дейін қысқартуға, сонымен қатар операциялық тәуекелдерді елеулі түрде азайтуға мүмкіндік берді.

### Валюталық бақылауды орталықтандыру

Келесі операциялар орталықтандырылды: клиенттерге валюталық бақылау мәселелері бойынша кеңес беру; шығыс аударымдарды жүргізу; кіріс аударымдарды аудару; валюталық бақылауға жасалған келісімшарттарды сараптау және қабылдау, келісімшарттарды тіркеуден алып тастау; валюталық бақылау құжаттарын (кедендік декларациялар, тауарды кіргізу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініштер; шот-фактуралар және т.б.) қабылдау.

Валюталық бақылауды орталықтандыру нәтижесі: ФҚБ-дағы Фронт-офистік функцияларды оңтайландыру, сонымен қатар филиалдардағы қызметкерлер санын оңтайландыру, осының негізінде ФҚБ-да валюталық операциялар жүргізген кезде қабылданатын қате шешімдердің саны мен ауқымы азаяды; функционалды орындауды жұмысты жақсырақ білетін тұлғаға тапсыру, бұл жағдай қызметкерлер жіберетін қателерге байланысты тәуекелдерді төмендетеді; ағымдағы және кейінгі тексеру валюталық бақылау процесінің үйлестірушісі жағында жүргізілетін болғандықтан, тексеру және бақылау желілерін күшейту; валюталық операциялар жүргізген кезде валюталық бақылау саласындағы заңнаманың реттеуші талаптарының сақталуына бірыңғай қарау.

**2018 ж. валюталық бақылау процесін орталықтандыру аясындағы валюталық операциялар**




### Инкассация процестерін орталықтандыру

ОББ клиенттердің инкассацияланған түсімдерін аудару процесін талдауды аяқтады. 2018 жылдың екінші жартысы ішінде Банк клиенттеріне инкассация қызметін көрсету бойынша уақытты елеулі түрде қысқарту мақсатында осы процесті автоматтандыру және оңтайландыру үшін негізгі міндеттер қойылды. Сканерлердің көмегімен клиенттердің ағымдағы шоттарына ақша түсімдерін аударуды автоматтандыру (айына 18 000 операция), басқа банкке төлем құжатын құруды автоматтандыру (айына 3 700 операция), «Қазинкас» ЖШС аутсорсинг компаниясымен жасалатын Салыстыру актісін автоматтандыру, клиенттерге шот-фактуралар шығаруды автоматтандыру (айына 500 шот) бойынша процестер мен талаптар әзірленді. Инкассация процесінің толық циклі 2019 жылы филиалдардың Бэк-офистерінің операциялық шығыстары мен тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

### БААЖ–дағы процестерді автоматтандыру

2018 жылы процестерді автоматтандыру бойынша АТД-ға бағытталған талаптардың жалпы саны 294, ендірілген талаптар саны 249 құрады.

### «Кэш менеджмент» жобасы

Сәтті өткізілген қанатқақты жобаның нәтижелері бойынша Fiserv, Inc компаниясымен шарт жасалып, қол қойылды. Басқарманың 11.12.2017ж. №892 шешімі бойынша Кэш-менеджмент жобасын ендіру бекітілді. 2017 жылғы Қанатқақты жобаның нәтижелері шешім ендірілгеннен бастап Банктің үлкен экономикалық пайдаға қол жеткізгенін, атап айтқанда күн сайынғы қалдықтың 5%-дан 36%-ға дейін төмендегенін, «жұмыс істемейтін» қолма-қол ақшаны ұстауға жұмсалатын шығынның төмендегенін, барлық құрылғылардың оңтайландырудың бірыңғай жүйесіне біріктірілгенін көрсетті. ФҚБ бойынша жобаны және АТМ толық ендіру 2018 жылғы қазанда аяқталды. Қоймалар бойынша жобаны іске қосу 2018 жылғы желтоқсанда аяқталды. Банкоматтарды инкассациялау, ФҚБ қосымша ақшамен қамтамасыз ету, МБКҚ алынған тарихи және транзакциялық деректердің негізінде әрбір филиалдың (объектінің) қажеттілігі бойынша қоймадағы бос қаражатты босату бойынша шешімдер қабылдауды автоматтандыру және орталықтандыру; келесі күннің бағытын жоспарлау және қолма-қол ақшаны дайындау; ICM БҚ-дан деректерді экспорттау; кейін құжат бойынша өткізілімдерді автоматты түрде қалыптастыра отырып, жіктеп көрсету арқылы Colvir БҚ-дағы барлық объектілер (АТМ, ФҚБ, қойма) бойынша құжаттың құрылуын автоматтандыру; қосымша ақшамен қамтамасыз етуді және артық ақшаны ҚР ҰБ-ға тапсыруды орталықтандыру іс-шаралары жобаның нәтижесі болды.

### Жобаның экономикалық тиімділігі

**Банкоматтар.** АТМ бойынша барлық филиалдарға ендіргеннен кейінгі кезеңде, яғни 2018 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде банкоматтар бойынша қолма-қол алынған ақшаның көлемі 6,7 млрд теңгені құрады, бұл көрсеткіш алдыңғы жылдың осы кезеңінде 4,4 млрд теңгені құраған болатын. Жобаны толық ендіргеннен кейінгі кезеңде банкоматтар бойынша қалдық 33,7 млрд теңгені құрады, алдыңғы жылдың осы кезеңінде банкоматтар бойынша қалдық 27,2 млрд теңгені құрады. Жал-

пы алғанда, банкоматтар бойынша қолма-қол алынған ақша көлемінің 52% ұлғаюын және қалдықтың 23% ұлғаюын ескере отырып, жобаны толық ендіргеннен кейінгі (4 айда) қалдықтың төмендеуі 29% құрады.

**ФҚБ (теңге).** 2018 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде ФҚБ-ларға жеткізілген қосымша қаражат көлемі 9 млрд теңгені құрады. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдың осы кезеңінде 10,4 млрд теңгені құраған болатын. Осылайша, жобаны ендіргеннен кейінгі (4 айда) қосымша жеткізілген қаражат сомасы 15% азайды.

**Филиалдардың қоймалары (теңге).** Барлық филиалдарды толық ендіргеннен кейінгі кезеңде, яғни 2018 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы ақпанға дейінгі кезеңде қоймалар бойынша шығыстар 7,8 млрд теңгені құрады. Қоймалар бойынша шығыстар алдыңғы жылдың осы кезеңінде 6,2 млрд теңгені құраған болатын. Осы кезеңдерде қоймалар бойынша қалдықтар сәйкесінше 13,6 млрд теңгені және 11,4 млрд теңгені құрады. Шығыстардың 26% және қалдықтардың 19% артуын ескере отырып, қоймалардағы қалдықтардың жалпы төмендеуі 7% құрады.

**Төлем жүйелері.** 2018 жылы Банктің SWIFT жаңа қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізілді; ЖТЖ шарттары бойынша толық түгендеу жүргізілді; StarBanking, терминалдар сияқты қашықтағы арналар мен құрылғылардан төлем жасау үшін қолданыстағы шарттардың 100% активтендірілді.

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

ЦентрКредит Банкі IT дамыту стратегиясының аясында 2016 жылдан бастап Colvir Banking System өндірістік банктік шешімін (бұдан әрі – БАЖ) пайдаланып келеді. Бұл жүйе ендірілген сәттен бастап және 2018 жылдың ішінде БАЖ-да төмендегілерге бағытталған процестерді қарқынды дамыту және оңтайландыру жұмыстары жүргізілді:

**Клиенттік сервисті кеңейту есебінен кірісті ұлғайту және банк клиенттерінің бейілділік деңгейін арттыру:**

- Тауарлық кредит. Кредиттік брокер;
- «Кэш Менеджмент» жобасы;
- Push хабарламалармен жұмыс жүргізуге арналған қосымшаларды әзірлеу;
- StarBanking жүйесін пысықтау/жеке тұлғаларға арналған қосымша карталы/жалақы картасын қайта шығару/төлемдердің жаңа агрегаторымен өзара бірлесіп әрекет ету;
- ЖТЖ арналған API;
- Бағалы қағаздарды есепке алу/есептен шығару бойынша бұйрықты ендіруді автоматтандыру;
- ИБЖ арқылы шот ашу;
- Бейілділік бағдарламасы. Стандарт бонустар;
- PayWave Acquiring/E-Commerce;
- Visa (PayWave) контактісіз карталары/MasterCard (PayPass) контактісіз карталары;
- Бөліп төлеуге берілген кредит картасы/ЖК карталары (ұсыныстар жиынтығы)/Жеке дизайнмен дайындалатын карта;
- ИБЖ базасында немесе Electronic trading платформасы базасында нақты уақыт режімінде заңды тұлғалардың валюталарды айырбастауына арналған платформаны ендіру;
- шот менеджерлерінің клиенттердің өтінімдерін енгізуі және қарыз (жеке қолма-қол) беруі бойынша жобалар (КФО/Кредиттер);
- клиенттерді сегменттеу есебін пысықтау/клиенттер сегменттері бойынша ұсыныстар жиынтығын қалыптастыру/скорингтік карталарды жасау, кейін оларды валидациялау және корреляциялау/кросс сатылымдарды дамыту.

**Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келу аясында келесі жобалар іске асырылды:**

- «Нұрлы жер», «Ипотека 7-20-25» бағдарламалары бойынша өнім мен есептердің жаңа үлгілерін әзірлеу/«Баспана Хит» бағдарламасы бойынша өнім мен есептердің жаңа үлгісін жасау;
- National Settlement UnionPay жүйесіне өту (ҚР жүргізілетін операциялар бойынша есеп айырысулар теңгемен жүргізіледі);
- UnionPay карталары бойынша SecurePay.

**Жеке және ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыруға, IT инфрақұрылымының үздіксіз орнықты жұмыс істеуін арттыруға, МБКҚ деректерді ендіру және операциялық күнді жабу бойынша процестерді оңтайландыруға бағытталған техникалық жобалар:**

- Желіні сегменттерге бөлу;
- PCI DSS стандартының талаптарына сәйкес келуге қол жеткізу жобасы;
- Сыртқы ұйымдармен бірлесіп әрекет етуге арналған инфрақұрылымды құру;
- SWIFT клиенттер қауіпсіздігі бағдарламасы (2018 жылдың жұмыстары);
- 2018 жыл ішінде PCI DSS қауіпсіздік аймағынан тыс жерлердегі серверлердегі осалдықтарды басқару процесін құру;
- Деректер сенімділігін растау процесін күйге келтіру, бизнес-глоссарий құру, «Informatica Metadata Management» көмегімен data lineage құру;
- OZ Reports есептер құру құралынан IBM Cognos ұсынған өнеркәсіптік шешімге көшу;
- Регламенттеу процедураларының жұмысын оңтайландыру.

**Тәуекелдерді барынша азайту, функционалды кеңейту және қателерді түзету бойынша:**

- Colvir бес патчы орнатылды;
- Процессинг орталығына тұрақты түрде екі рет жаңарту жүргізілді;

- Secure Code (MasterCard SecureCode) жобасы іске асырылды.

Техникалық қолдауға сәйкес келу үшін нұсқаларды жаңарту бойынша Банктің Microsoft 10 операциялық жүйесіне өтуі және деректер базасының Oracle 12 өтуі бойынша 2018 жылдың жоспарлы іс-шаралары орындалды.

**Бэк–офистік функционалды автоматтандыру бойынша төмендегідей жобалар мен сараптаулар іске асырылды:**

- «Электрондық хаттама» модулін іске асыру;
- WorkFlow Oracle Bpel және Colvir деректерін МБКҚ көшіру;
- ЭҚЖ (ELMA);
- on-line есептер қалыптастыру;
- Кросс-жүктемелерді есепке алу және кросс-селлинг коэффициентін есептеу бойынша есептік/қорытынды нысанды құру/Сұралған кезең ішінде сатылған өнімдердің санын есепке алу бойынша есептік/қорытынды нысанды құру (филиалдар/ФҚБ, өнімдер, ЖТ/ЖК бойынша);
- Пайыздық емес комиссиялық өнімдер бойынша есептер құру (филиалдар/ФҚБ, өнімдер, ЖТ/ЖК бойынша);
- КТО рейтингін автоматтандыру/КТД тәуекелдер картасы/Винтаждық талдау;
- Контурда Cognos BI-де функцияларды пайдаланудан бас тартуға қатысты басқарушылық есептілікті дайындау процестерін оңтайландыру;
- Тарифтер (кірісті Банк тарифтері бойынша көрсету);
- Ынталандыру жүйесін әзірлеу;
- Операциялық күнді ашуды/жабуды автоматтандыру.

2018 жылы IT модернизациялауға және күшейтуге салынған инвестициялар 2,5 млрд теңгені құрады.

**2018 жылы IT тобы ақпараттық технологияларды дамыту стратегиясын қайта қарады, осының аясында 2018–2020жж. кезеңіне келесі векторлар белгіленді:**

1. Цифрлық арналарды дамыту.
2. Өнімдер мен процестерді цифрлау.
3. Аналитикалық жүйелерді дамыту.

**IT стратегиясы аясындағы негізгі міндеттер:**

- мәліметтер мен деректердің көп мөлшерін электронды түрде алу үшін мемлекеттік органдармен интеграция жасау (анықтамасыз банктік қызметтер);
- жаңа бірегей қызметтерді құру үшін Қаржылық технологиялық компаниялармен интеграция жасау;
- қаржы саласында Ашық платформаларды (Open API) құруға қатысты реттеуді ендіру;
- мобильді төлемдердің жеңілдетілген жүйесін ендіру;
- клиентті қашықтан сәйкестендіру жүйесін ендіру;
- қашықтан ұсынылатын сервистердің мөлшерін арттыру арқылы StarBanking жүйесін жаңарту;
- омниарналылықты дамыту;
- «Интернет банкинг» жүйесінің мобильді нұсқасын жасау;
- Банктің клиенттері үшін MarketPlace сауда алаңын жасау;
- Чат-боттарды дамыту, сатылымдардың жаңа арнасын жасау;
- Банктің цифрлық арналары жүйелерін бірыңғай экожүйеге біріктіру;
- үлкен деректер мен машиналық оқытуды дамыту;
- банктің ішкі процестерін стандарттау және автоматтандыру;
- ақпараттық қауіпсіздік блогын жақсарту.

2018 жылы банк саласындағы трендтерді, жаңа технологияларды IT технологиялардың бәсекелес нарығын талдау бойынша үлкен жұмыс жүргізілді. Алынған ақпараттың негізінде 2018-2020жж. арналған жаңа IT дамыту стратегиясын бекіту бойынша жұмыс жүргізілді.

Қазіргі сәтте Банк елдің экономикасын цифрландыру аясындағы мемлекеттік бағдарламаларға негізделген бастамаларды пысықтауға және ендіруге белсенді түрде қатысуда.

- ЦентрКредит Банкі Altyn-I банкімен бірлесе отырып, мобильді телефон нөмірін пайдалану арқылы мезеттік төлемдер жүйесінің зертханалық нұсқасын іске қосқан Қазақстан Республикасындағы алғашқы банктер болды. Ақша аударымдары тек мобильді телефон нөмірін пайдалану арқылы жүзеге асырылады және бар болғаны 1 минут ішінде төлем шотқа түседі.
- Біздің Банк OpenAPI технологияларын дамыту бағытында көшбасшы болып табылады, себебі 2018 жылы технологиялық инфрақұрылым жасалып, клиентке өзінің ақпараттық жүйесі арқылы өз шоттарын (теңгедегі және валютадағы) толық басқаруға мүмкіндік беретін жаңа FinancialAPI өнімін дамыту бойынша жұмыс басталған болатын.
- Біздің Банк клиентті қашықтан сәйкестендіруге арналған биометрикалық жүйелерді қолдану бойынша қанатқақты жобаға қатысып жатыр.

2019 жылы IT стратегиясы Нақты клиентке қызмет көрсетуге, IT мен Бизнесті біріктіруді күшейтуге, IT корпоративтік құндылықтарына бағытталады.

**IT стратегиясы аясындағы негізгі міндеттер:**

- Open API дамыту;
- Кредиттік брокер жүйесін пайдалану арқылы іске асырылатын «Тауарлық кредит» өнімі;
- ШОБ кредит беру процесін автоматтандыру;
- StarBanking дизайнын өзгерту;
- StarBusiness қосымшасын ендіру.

Цифрлық әдіс технологияларды ендіру ғана емес, сонымен қатар бизнесті трансформациялау болып табылады.

# Тәуекелдерді басқару жүйесі



**2007 жыл...**

Халықаралық «Euromoney» журналы «Банк ЦентрКредит» АҚ-ты Орталық, Шығыс Еуропа және Орталық Азия банктерінің ішінде менеджменті ең үздік банк деп таныды.

«Euromoney» журналы ЦентрКредит Банкін «Корпоративтік басқару бойынша ең үздік банк» марапатымен бағалады.

'07

Esentai Tower

Банкте «үш қорғаныш желісі» принципіне негізделген тәуекелдерді басқарудың кешенді желісі ендірілген. Атап айтқанда, банктік қызмет процесінде тәуекелдерді тудыратын құрылымдық бөлімшелердің өздерінің тәуекелдерді сәйкестендіруі және басқаруы (бірінші желі), тәуекелдер деңгейіне мониторинг жүргізу және тәуекел менеджменті бөлімшесінің тәуекелдерді басқару бойынша тиімді жүйесін құру (екінші желі), ішкі аудит бөлімшесінің операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалауы (үшінші желі).

Банкте қолданылатын басқарушылық есептілік жүйесі Банктің Директорлар кеңесіне, Басқармасына, уәкілетті алқалы органдарына және мүдделі бөлімшелеріне басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажет болатын Банктің тәуекелдерге ұшырағыштығы туралы ақпаратты уақытылы және толық ашып көрсетуді қамтамасыз етеді.

**Банк қызметіне тән негізгі тәуекелдер:**

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- нарықтық тәуекел;
- операциялық тәуекел (ақпараттық технологиялар мен ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін қоса алғанда);
- комплаенс-тәуекел.

## Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – контрагенттердің (қарыз алушылардың) шарттың талаптарына сәйкес пайыздарды және қарыздың негізгі сомасын төлеу бойынша өз міндеттемелерін орындауға қабілетсіз болуының нәтижесінде банктің қаржылық активінен айырылу ықтималдығы.

Кредиттік тәуекелдерді басқару – іс-әрекеттің жүйелілігін қамтамасыз ету, кредиттеудің көпшілік қабылдаған ережесін сақтау және дұрыс түсіну, орынды шешім қабылдау және кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару негізінде Банктің кредиттік портфелінің сапасын қолдау және арттыру мақсатында стратегияны, саясаттар мен процедураларды, ұйымдық құрылымды және ішкі бақылау жүйесін қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру. Кредит қызметі барысында Банк үшін кредиттік тәуекелді – белсенді банктік операциялардағы тәуекелді басқарудың маңызы зор, сондықтан оны басқару, оны дұрыс бағалау және болжау аса маңызды болып табылады.

Тәуекелдер департаменті кредиттік тәуекелдерді басқару бойынша жауапты бөлімше болып табылады. Тәуекелдерді бағалап, сараптайды, портфельдердің кредиттік тәуекелдеріне белгіленген лимиттер бойынша ұсыныстар әзірлейді және олардың сақталуына мониторинг жүргізеді, кредиттік процесте тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты ұйымдастыру, үйлестіру және реттеу үшін жауапты бөлімше болып табылады. Кредиттік портфель сапасының нашарлауына жол бермеу бойынша дәлме-дәл шаралар қабылдайды, берілген қарыздарға мониторинг жүргізу жұмысын ұйымдастырады және үйлестіреді.

Банк өз бизнесін тұрақты және сәйкес ақша ағымдары, жақсы қаржылық көрсеткіштері және даму перспективасы бар корпоративтік клиенттерге, орта және шағын бизнес субъектілеріне, жеке кәсіпкерлерге, сонымен қатар тұрақты табысы бар жеке тұлғаларға шоғырландырады. Тәуекелдерді басқару үшін Банк жеке және корпоративтік клиенттерге кредит беру бойынша тәуекелдерді бөледі.

Бөлшекті кредит беруге байланысты тәуекелдерді бақылау және басқару үшін бақылау жасау математикалық статистика әдістеріне негізделетін скоринг моделі құралдары бойынша жүзеге асырылады. 2018 жылы 3 жаңа скоринг картасы әзірленіп, ендірілді, нәтижесінде процесс оңтайландырылды. Осының нәтижесінде бөлшекті өтінімдерді қарау уақыты 55%-ға қысқарды және жүйе арқылы мақұлданатын өтінімдер үлесі 82%-ға дейін ұлғайды.

Корпоративтік кредиттеу тәуекелдерін бақылау және басқару Кредиттік комитеттер арқылы жүзеге асырылады. Берілген қарыздар бойынша тәуекел деңгейін бақылау және оған мониторинг жүргізу  қарыз берілген сәттен бастап қарыз толық өтелгенге дейін жүзеге асырылады. Мониторинг жүргізу барысында қарыз алушылардың қызметін талдау, қарыз, кепілге беру, кепілдік шарттарының және т.б. шарттардың барлық талаптарының сақталуын бақылау бойынша күнделікті жұмыс жүргізіледі және кредиттің сапасы нашарлаған жағдайда, қарыз алушыға әсер ету бойынша барабар шаралар қолданылады.

Елеулі тәуекелдерді топтастыратын ірі қарыздарға мониторинг жүргізуге ерекше көңіл бөлінеді. Баланстық және баланстан тыс операцияларды қоса алғанда, тәуекелдер сомасы Банктің меншікті капиталының 5% асатын қарыз алушылар бойынша және қауіпті белгілері анықталған ірі қарыз алушылар бойынша ерекше бақылау белгіленеді. Ерекше бақылауда ерекше бақыланатын компаниялар тобы бойынша апта сайын есеп жасай отырып, Тәуекелдер департаменті тарапынан күн сайын мониторинг жасалады. Банктің меншікті капиталының 0,2% көп мөлшердегі тәуекелдер деңгейі жоғары қарыздарды беруге (құнсыздануға тест жүргізілетін және оң айырма туындамас үшін жеткілікті көлемде ХҚЕС стандарттары бойынша ХҚЕС бойынша провизиялар қалыптастырылатын қарыздарды қоспағанда), атап айтқанда қаржылық жағдайы тұрақсыз қарыз алушыларға қарыз беруге шектеу қойылады.

Бизнес-клиенттер бойынша кредиттік тәуекелді басқаруды жақсарту және кредиттік процесті оңтайландыру мақсатында Тәуекелдер департаменті процестерге, өкілеттіктерге, автоматтандыруға және ұйымдық құрылымға елеулі өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр. Мұндай өзгерістерге келесілер кіреді және мұнымен шектелмейді: жүйеде дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға негізделетін Электронды кредит комитетін ендіру, біраз еңбек ресурсын босатуға мүмкіндік беретін, сыртқы ресурстардан ақпаратты автоматты түрде шығарып алатын Қаржыландыру және мониторинг жүргізу бойынша сараптамалық қорытындылар.

## Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – депозиттерді қайтару және нақты төлеу мерзімі орнаған кезде, қаржы құралдарына байланысты міндеттемелерді өтеу үшін қаражат алған кезде қиындықтардың туындау тәуекелі.

Қазынашылық департаменті осы тәуекелді басқаруды активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне талдау жасау және ағымдағы өтімділікті қолдай отырып, ақша ағындарын оңтайландыру үшін ақшалай нарықтық операциялар жүргізу арқылы жүзеге асырады.

Жоспарлау және қаржы департаменті өтімділікті ұзақ уақыт бойы ұстап тұру мақсатында баланстың оңтайлы құрылымын есептейді және активтер мен міндеттемелерді басқарады.

Тәуекелдер департаменті өтімділікті басқару бойынша лимиттерді есептейді және өтімділіктің пруденциалдық және ішкі көрсеткіштеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырады.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті алдын ала мақұлдағаннан кейін өтімділікті басқару бойынша лимиттерді және гэп-позицияларға белгіленген лимиттерді Банктің Басқармасы мен Директорлар кеңесі бекітеді.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Тәуекелдерді басқару комитеті белгіленген өкілеттіктер мен лимиттер аясында Банктің өтімділігін басқару бойынша іс-шаралар жүргізеді.

### Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел нарықтық мөлшерлемелердегі, валюта бағамдарындағы немесе қаржы құралдарына белгіленген бағалардағы өзгерістердің Банктің кірісіне немесе капиталына кері әсер ету тәуекелін білдіреді. Нарықтық тәуекел дегеніміз – пайыздық тәуекел, валюта тәуекелі және өз қызметінің барысында Банк ұшырауы мүмкін басқа да баға тәуекелдері.

### Пайыздық тәуекел

Қарыз қаражатын бекітілген сыйақы мөлшерлемесімен, сонымен қатар құбылмалы сыйақы мөлшерлемесімен тартатын болғандықтан, Банк пайыздық тәуекелге ұшырағыш болып келеді. Банк осы тәуекелді бекітілген және құбылмалы мөлшерлемелермен тартылатын ресурстардың тиімді арақатынасын қолдау арқылы бақылап отырады.

Жоспарлау және қаржы департаменті Топтың ағымдағы қаржылық жағдайына мониторинг жүргізеді, Топтың пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістерге деген сезімталдығын және осы өзгерістердің Топтың рентабельділігіне әсерін бағалайды.

Тәуекелдер департаменті пайыздық тәуекелді басқару бойынша лимиттерді есептейді және пайыздық тәуекелдің деңгейіне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырады.

Басқарма пайыздық тәуекелді басқару бойынша ішкі лимиттерді бекітеді.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті және Тәуекелдерді басқару комитеті Банк үшін оң пайыздық маржаны қамтамасыз ете отырып, пайыздық тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жүргізеді.

### Валюталық тәуекел

Валюталық бақылау дегеніміз – валюта айырбастау бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы құнының өзгеру тәуекелі. Банктің қаржылық жағдайы мен ақша ағымдары шетел валютасының айырбастау бағамдарындағы ауытқулардың әсеріне ұшырағыш болып келеді.

Қазынашылық департаменті ашық валюталық позицияны басқару арқылы валюталық тәуекелді басқарады. Бұл әдіс Банктің ұлттық және шетел валюталарын айырбастау бағамдарының елеулі ауытқуларынан болатын залалды мейлінше қысқартуына мүмкіндік береді. Қазынашылық департаменті ҚР ҰБ талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету мақсатында Банктің ашық валюталық позициясына бақылау жасап отырады.

Тәуекелдер департаменті лимиттерді ашық валюталық позицияларға, валюталық және пайыздық VaR, арбитраждық позицияларға, stop-loss және stop-out ысырап лимиттеріне есептейді және олардың сақталуына мониторинг жүргізеді.

Барлық лимиттер мен шектеулерді Басқарма және Директорлар кеңесі бекітеді.

### Баға тәуекелі

Баға тәуекелі – өзгерістердің жекелеген бағалы қағаз немесе оның элементі үшін айрықша болып табылатын факторлардан немесе нарықта айналыста жүрген барлық бағалы қағаздарға әсер ететін факторлардан туындағанына қарамастан, нарықтық бағалардың өзгеруінің нәтижесінде қаржы құралының құнында болатын өзгерістер тәуекелі. Банк нарықтағы жалпы немесе айрықша өзгерістердің әсеріне байланысты баға тәуекеліне ұшырағыш келеді.

Баға тәуекелін басқару үшін Банк нарық конъюнктурасындағы жағымсыз өзгерістердің нәтижесінде келтірілуі мүмкін ықтимал залалдарға қайта-қайта бағалау жүргізіп отырады және рұқсат етілген залалдардың шамасына барабар шектеулер белгілейді, сонымен қатар пайда нормасы мен кепілдік қамсыздандыруға қатысты талаптарды белгілейді. Лимиттер мен шектеулерді Басқарма және Директорлар кеңесі бекітеді.

**2018 жылғы желтоқсанда Банк Басқармасы Банктің Кепіл саясатын дамыту тұжырымдамасын бекітті. Тұжырымдамада төрт негізгі сала қарастырылды:**

1. Кепілдік қамсыздандыруды тексеруді, объектілер құнын келісімге алуды барынша қамтуды көздейтін *процесс (функциялар ауқымын кеңейту)* (кепілдер базасын сегменттеу, кепілдерді бағалау бойынша кең ауқымды процесс);
2. Жауапсыз, күмәнді серіктестерді анықтау арқылы кредиттік тәуекелдерді төмендету мақсатында көпсатылы тексерулер жүргізу негізінде тәуелсіз бағалаушыларға ішкі рейтинг бере отырып, тәуелсіз бағалау компанияларының *жұмыс сапасын бақылау;*

3. *IT-автоматтандыру* – модульдерді біріктіру және өтінімнің өту процесін автоматтандыру, Банктің алқалы органдары шешім қабылдаған кезде алынған деректерді қолдану мақсатында жылжымайтын мүліктің кез келген түрінің құны туралы алынған ақпараты кейін талдай отырып, құн динамикасындағы өзгерістерді қадағалау және талдау үшін стандарт және проблемалы қарыздар бойынша кепілдердің бірыңғай базасын пысықтау;

4. Банктің филиалдық желісінде Кепіл қызметі қызметкерлерінің болуын көздейтін *ұйымдық құрылым.*

Кепіл қызметінің жұмыс процесін құру үшін Банктің қолданыстағы ІНҚ өзектендіріледі және пысықталады, сонымен қатар бекітілген тұжырымдамаға сәйкес негізгі өзгерістер көрсетілетін кепілдік қамсыздандырумен жұмыс жүргізудің жаңа процедурасы әзірленеді.

**Ішкі бақылау құралдарын құру, сонымен қатар 01.10.2018ж. бастап хаттамалардың барлық базасын сақтау үшін өнеркәсіптік пайдаланысқа «Электронды хаттама» банктік қосымшасы ендірілді. Модульдің негізгі мақсаты:**

5. Тіркеу бойынша мерзімі кейінге жылжытылған кепілдерді бақылау. Мерзімі кейінге жылжытылған/ ресімделмеген/ тіркелмеген кепілдердің бірыңғай тізімін жасау;
6. Қоса тіркеу және «ЭКД» БҚ-дағы «Бақылау парағы» атты есепке автоматты түрде көшіру арқылы уәкілетті органдардың хаттамалық шешімдерінің «ерекше талаптарының» орындалуын бақылау;
7. Банктің өкілетті органдарының хаттамаларын қалыптастыру, сонымен қатар хаттамалардың барлық базасын электронды түрде сақтау процесін автоматтандыру. Осы жүйе электронды хаттаманы қалыптастыруға, сондай-ақ деректерді автоматты түрде беру және адами факторларға байланысты тәуекелдерді барынша азайту үшін Банктің басқа модульдерімен интеграциялануға мүмкіндік береді, сонымен қатар баяндамашы, Комитеттің шешімі, қамсыздандыру, ерекше талаптар және т.б. сияқты деректер бойынша талдау жасау мүмкіндігін береді.

«Электронды кредиттік досье» БҚ дамыту және жетілдіру аясында 2018 жылдың желтоқсанында мерзімінен кешіктірілген бақылау іс-шаралары бойынша хабарламаны жауапты қызметкердің және құрылымдық бөлімшенің тікелей басшысының поштасына жөнелту функционалы іске асырылды. Бұл функционал пайдаланушыға «ерекше талаптарды», Кредит комитеттерінің шешімдерін орындау қажеттігі туралы ақпаратты алдын ала (30, 15, 5 күн бұрын) алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар орындау мерзімінен кешіктірілген жағдайлар туралы ақпарат береді.

Банктің бизнес-бөлімшелерімен бірлесіп, «7-20-25» бағдарламасын іске асыруға қатысу. Осы бағдарламаның нәтижелері бойынша ЦентрКредит Банкі «Баспана» ипотекалық компаниясымен бірге «7-20-25» мемлекеттік бағдарламасының аясында бірінші ипотекалық кредитті берді.

## Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел дегеніміз – жүйелер жұмысындағы іркілістердің, тұрақсыз ұйымдық құрылымның, қызметкерлер жіберген қателіктердің немесе дұрыс құрылмаған бизнес-процестердің салдарынан, сонымен қатар сыртқы жағдайлардың әсерінің нәтижесінде ысыраптың туындау тәуекелі.

**Операциялық тәуекелді басқару процесінде Банк басшылыққа алатын негізгі принциптер:**

- Банктік операцияларды және процестік модельді қамтамасыз ететін басқа да мәмілелерді жасаудың белгілі бір тәртібі, ережелері және процедуралары;
- ішкі процестерді ұйымдастыру, өкілеттіктерді, қызметтік міндеттерді бөлу;
- «жедел резерв құру» принциптерін және бұзылуға төтеп бере алатын жүйелерді пайдалана отырып, ақпараттық жүйелерді іске қосу;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын қолдану;
- жеке қауіпсіздікті, оның ішінде банк, оның филиалдары, коймалары, сейфтері, құжаттары, архивтері орналасқан жайға қойылатын талаптарды қамтитын қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларды қолдану.

Операциялық тәуекелдерді басқару процесі қызметкерлердің қателіктерге жол беруі жағдайларын төмендетуге, IT жүйелеріндегі іркілістердің әсерін жоюға, қызметкерлерге жүктемелердің тиімді бөлінуіне және ықтимал материалдық ысырапты төмендетуге септігін тигізеді.

## Комплаенс–тәуекел

Комплаенс-тәуекел дегеніміз – Банктің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, банктің қызмет көрсету және қаржы нарығында операциялар жүргізу тәртібін реттейтін банктің ішкі құжаттарының, сондай-ақ банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамау салдарынан залал туындауының ықтималдығы.

Осы тәуекелді басқару процесі Банктің іскерлік беделін қорғауға және өз Клиенттерінің ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға байланысты жасайтын операцияларына Банктің тартылу тәуекелін азайту үшін уақытылы және тиісті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

## Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру

Банк 2017 жылы ҚР Ұлттық Банкінің талаптарына, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсынымдарына және әлемдік үздік тәжірибеге сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарын жалғастырды.

## Операциялық тәуекелдерді, АТ және АҚ тәуекелдерін, сонымен қатар қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін дамыту саласында төмендегідей іс–шаралар өткізілді:

- Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін автоматтандырудың кезекті деңгейі ендірілді;
- Уақытылы ден қоюға, тәуекелдердің ішкі және/немесе сыртқы индикаторларын өзгертуге бағытталған ерте ескерту жүйелері жұмысының тиімділігін арттыру;
- Операциялық тәуекелдерді төмендету мақсатында бақылау функциялары автоматтандырылды және Банктің автоматтандырылған жүйелерінің функционалы жетілдірілді;
- PCI DSS және SWIFT саласындағы ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілді;
- Қауіпті өнімдер мен қызметтер көрсетудің тұрып қалуымен байланысты ықтимал шығындарды бағалау әдістемесі әзірленді;
- Бизнестің негізгі бағыттары, қызметтер, процестер және ақпараттық жүйелер бойынша, сонымен қатар жаңа қызметтерді, қызмет бағыттарын ендіру бойынша операциялық тәуекелге тұрақты негізде бағалау жүргізіледі.

## 2019 жылғы арналған жоспарлар:

- Операциялық тәуекелдерді, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару әдістемесі мен процестерін жетілдіру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- Жұмыс кестесіне сәйкес операциялық тәуекелдерді, ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін автоматтандыру бойынша іс-шараларды жалғастыру;
- Қалдық тәуекелін есептеп шығару негізінде тәуекелдерді өңдеу бойынша шараларды қолдану тиімділігін бағалау процесін ендіру бойынша ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;
- Бақылау функцияларын автоматтандыру және операциялық тәуекелдерді төмендету мақсатында Банктің автоматтандырылған жүйелерінің функционалын жетілдіру бойынша іс-шараларды жалғастыру;
- Банктің туындаған тәуекел факторларына уақытылы және тиімді ден қоюына бағытталған тәуекелдердің ішкі және/немесе сыртқы индикаторларын ерте ескерту жүйесін толтыру іс-шараларын жалғастыру.

# Ішкі бақылау жүйесі және аудит



**2008 жыл...**

ЕҚДБ марапаты – «2008 жылы Қазақстанда сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент-банк».

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Мәскеу қаласындағы еншілес ұйымы – «Банк БЦК-Мәскеу» ЖШК ашылды.

ЦентрКредит Банкі стратегиялық серіктестігі - Оңтүстік Кореяның Kookmin Банкімен келісімге қол қойды.

'08

Министрліктер үйі

Ішкі аудит қызметі Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің қызметін Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет бағыттайды.

Аудит жөніндегі комитеттің құрамы:

Комитет төрағасы: Werner Claes (Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор); Комитет мүшелері: Ли В.С. (Директорлар кеңесінің мүшесі), Ушбаев А.Д. (Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор).

Комитет құрамы Директорлар кеңесі мәжілісінің 18.05.2018ж. қаулысымен бекітілді. Комитеттің өкілеттігі, кворумы, шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 12.06.2013ж. №69 қаулысымен бекітілген ««Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Аудит жөніндегі комитеті туралы қағидада» көрсетілген.

2018 жылы Аудит жөніндегі комитет 4 мәжіліс өткізіп, онда 16 мәселені қарастырды. Оның ішінде Ішкі аудит қызметінің жұмысына (ішкі аудит жоспарлары, басқарушылық есептілік, оған қоса ішкі аудит жүйелерінің қызметінің тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері мен ұсыныстарға, тәуекелдерді басқаруға және өзге мәселелерге) қатысты 11 мәселе; сыртқы аудитор («КПМГ Аудит» ЖШС) қызметіне қатысты екі мәселе және Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты үш мәселе қаралды.

Директорлар кеңесінің 23.04.2018ж. №101 және 05.11.2018ж. №261 қаулыларына сәйкес өзгерістер енгізілген, Директорлар кеңесінің 17.07.2017 жылғы №109 қаулысымен Ішкі аудит қызметінің ұйымдық құрылымы, сандық құрамы және штаттық кестесі бекітілді, сонымен қатар Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің өкілеттік мерзімі бекітілді.

Ішкі аудит қызметінің миссиясы – тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексеру жүргізу және ұсынымдар беру арқылы Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына олардың Банктің стратегиялық мақсаттарына жету және Банктің құнын арттыру бойынша міндеттерін орындауына қажетті көмек көрсету.

Ішкі аудит қызметінің негізгі мақсаты – Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасына ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің, жалпы алғанда корпоративтік басқару жүйесінің сапасы мен тиімді жұмыс істеуіне қатысты Банкті және оның беделін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған тәуелсіз, орынды кепілдіктер беру.

**Өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес Ішкі аудит қызметі келесі негізгі функцияларды жүзеге асырады (бірақ мұнымен шектелмейді):**

- тәуекелдерді басқару жүйесіне ішкі аудит жүргізу, оның аясында тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;
- бухгалтерлік есеп жүргізу, қаржылық және реттеуші есептілікті жасау және олардың тұтастығын қамтамасыз ету тәртібіне ішкі аудит жүргізу – басшылық пен уәкілетті органға берілетін есептіліктің уақытылы, толық, шынайы болуын қамтамасыз ету үшін бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібінің және процестерінің, оның ішінде Банктің құрылымдық бөлімшелері арасындағы бірлесіп әрекет ету процестерінің тиімділігін тексеру;
- компаленс-тәуекелдерді басқару жүйесіне аудит жүргізу, оның аясында компаленс-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау;
- Банк саясатының және процедураларының тиімділігін бағалау;
- Банк қызметкерлерін басқару жүйесінің жұмысын бағалау;
- Ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды ұйымдастыру және жетілдіру, сондай-ақ Ішкі аудиттің жылдық жоспарының аясында ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне, Атқарушы органға кеңес беру қызметтерін ұсыну;
- Директорлар кеңесінің төрағасы немесе мүшелері бастамашылық еткен жоспардан тыс аудиторлық тексерулерді жүргізу;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік-құқықтық актілерінде, сонымен қатар Банктің ІАҚ-тың қызметіне қатысты ішкі құжаттарында көзделген басқа мәселелер бойынша ішкі аудит жүргізу.

Ішкі аудиттің 2018 жылға арналған жылдық жоспарына сәйкес 18 аудиторлық тапсырманы орындау, оның ішінде кредиттеудің бизнес-процесіне аудит жүргізу, қаржыны басқару, капиталды, активтер мен міндеттемелерді басқару бойынша міндеттерді орындау көзделген болатын. Жылдық жоспар толық көлемде орындалды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша орындалу барысы жүйелі түрде бақыланатын бұзушылықтарды жою бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Сонымен қатар бөлімшелерге сәйкес ұсынымдар беру арқылы тәуекелдерді барынша азайтуға қажетті көмек көрсетілді.

ІАҚ басшысы ІАҚ қызметі мәселелері бойынша Банк басшылығымен жүйелі түрде кездесіп отырады.

# Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне 2018 жылы төленген сыйақының мөлшері мен құрамы туралы ақпарат



**2009 жыл...**

ЕҚДБ марапаты – «2009 жылы сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент-банк».

Банктің Бішкек қаласындағы (Қырғызстан Республикасы) өкілдігі ашылды.

ЦентрКредит Банкі Киев қаласында (Украина) өкілдігін ашты.

'09

«Қазақстан» орталық концерт залы

Банктің Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелеріне сыйақы төлеу «Екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды және екінші деңгейдегі банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есептіліктің нысанын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 24.02.2012 жылғы №74 қаулысына және Банктің ішкі процедураларына сәйкес бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың қызметкерлерді ынталандыру жүйесі туралы қағидасына сәйкес, басшы қызметкердің жеке қосқан үлесіне байланысты жүзеге асырылады.

1. Банктің Директорлар кеңесінің мүшелеріне 2018 қаржы жылы төленетін сыйақының мөлшері акционерлер жиналысының 30.04.2009 жылғы хаттамасы бойынша бекітілген, Банктің есепті кезең үшін белгіленген жоспарлы жалақы қорының 5%-нан аспайды және оның 1,1%-ды құрайды.

2. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақының келесі түрлері белгіленген:

- Директорлар кеңесінің мүшелеріне – жеке қызметінің көрсеткіштері үшін ай сайын төленетін сыйақы;
- Басқарма мүшелеріне – кепілдік берілген лауазымдық жалақы, бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы бойынша төленетін сыйақы.

3. Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне 2018 жылы төленген сыйақының жалпы мөлшері 389 млн теңгені немесе Банктің есепті кезең үшін белгіленген жоспарлы жалақы қорының 2,3%-ын құрады.

**«Банк ЦентрКредит» АҚ–тың басшы жұмыскерлерінің жұмыс сапасын анықтайтын критерийлер:**

• жылдық қаржылық көрсеткіштердің орындалуы;

• Банктің таза кіріс алуы.

# Әлеуметтік жауапкершілік және қоршаған ортаны қорғау

**2010 жыл...**

Халықаралық қаржы корпорациясы ЦентрКредит Банкін 2010 жылы Қазақстанда сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент-банк деп таныды.

ЕҚДБ марапаты – «2010 жылы сауда-саттыққа ықпал ету бағдарламасы аясындағы ең белсенді эмитент-банк».

«Банк ЦентрКредит» АҚ, Kookmin Bank Co Ltd және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) ЦКБ капиталына қатысу туралы мәмілені аяқтады.

Халықаралық қаржыға арналған ай сайынғы арнайы ағылшын The Banker журналы (Financial Times баспасы) ЦентрКредит Банкін «2010 жыл бойынша Қазақстандағы Жыл банкі» деп таныды.



'10

Хан Шатыр

Өз қызметінде ЦКБ қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі принциптердің және қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің талаптарын сақтайды.

**ЦКБ–нің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптері:**

- адамның өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған ортаның ластануына жол бермеу, халықтың өміріне, еңбек етуіне және демалуына қолайлы қоршаған ортаны сақтау;
- тікелей банктік қаржылық операциялар жүргізе отырып, қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу.

ЦКБ жобаларды қаржыландырған кезде, табиғатты қорғау аспектілерін талқылауға ерекше көңіл бөледі және экологияға бағытталған жобаларға қолдау көрсетіп отырады.

ЦКБ заңдық, қаржылық зардаптарға және экологиялық проблемаларға байланысты ЦКБ-нің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін жағдайларға жол бермеуге бағытталған тиісті шараларды қабылдап отырады.

Жобаны қараған кезде, ЦентрКредит Банкінің уәкілетті бөлімшелері ЦентрКредит Банкінің қоршаған ортаны қорғау бойынша негізгі принциптеріне сәйкес келуі бойынша жобаға жан-жақты сараптама жасайды. Кредиттеу барысында қарыз алушылардың қызметіне мониторинг жүргізіледі, табиғатты қорғаудың негізгі принциптеріне сәйкес кредит қаражатының мақсатқа сай пайдаланылуы қадағаланады.

# Қызметкерлермен жұмыс жүргізу



**2012 жыл...**

«Банк БЦК-Мәскеу» ЖШҚ Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) шығарушы банк ретінде сауданы қаржыландыруды қолдау бағдарламасына қосылу туралы мерзімсіз келісімге қол қойды. Сонымен, Банк «БЦК-Мәскеу» ЖШҚ Ресей аумағындағы қазақстандық қаржы институттарының еншілес банктерінің ішіндегі бағдарламаның ресурсына қол жеткізген бірден-бір банк болды.

Шотты қашықтан басқару жүйесі – «StarBanking» жаңа қызметі енгізілді.

Төлем карталары бойынша PCIDSS стандартының талаптарына сәйкестік сертификаты берілді. Қазіргі таңда Қазақстанда PCIDSS стандартының сәйкестік сертификаты тек екі Банкке ғана берілген.

Халық банкімен бірге «Екіжақты Хост-ту-Хост» жобасын іске қосу жұмысы жүргізілді.

Мәліметтердің біртұтас корпоративтік қоймасын құру жобасы аяқталды. МБКҚ-ны құру маңызды міндетті – есептілікті құру процесін орталықтандыру мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

Ішкі бақылауды күшейту мақсатында жеке бөлімше – «Комплаенс» қызметі құрылды.

Жылдың соңында банктің өткізу желісі 20 филиал мен 136 ФҚБ-ны құрады.

## Қызметкерлер саласындағы саясат

Банктің кадрлар жөніндегі саясаты өзара сыйластық, сенімділік пен ұзақмерзімді ынтымақтастыққа бағдарлау принциптеріне негізделген. Банкте қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді. Жынысына, нәсіліне, ұлтына, тегіне, сондай-ақ жұмыскерлердің іскерлік қасиеттеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға тәуелсіз, Банктің әрбір жұмыскерінің құқықтарын іске асыру үшін тең мүмкіндіктері бар.

Банкте еңбекақы төлеу жұмыскерлерді тиімді жұмыс істеуге және нәтижеге қол жеткізуге ынталандыруға бағытталған және жұмыскердің біліктілігіне байланысты сыйақының бекітілген бөлігіне және қызметкердің жеке жетістіктеріне байланысты сыйақының ауыспалы бөлігіне негізделген.

Банкте жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатын жұмыскерлерді ұстап қалу, дамыту және ілгерілету үшін кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі. Бас офистің және филиалдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының сабақтастығын жоспарлау бағдарламасы іске асырылады.

Сынақ мерзімінен өткеннен кейін Банктің барлық жұмыскерлерінің әлеуметтік пакетіне амбулаториялық, стационарлық және стоматологиялық қызмет көрсетуді қамтитын медициналық сақтандыру кіреді. Сонымен қатар Банк қиын жағдайға түскен жұмыскерлерге қолдау көрсетеді.

## Оқыту және дамыту

2018 жылы филиал жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында әртүрлі бағдарлама бойынша оқыту, оның ішінде 3000 жуық жұмыскерлерге вебинар өткізілді.

Стратегиялық серіктеспен бірге Kookmin Bank (Сеул, Оңтүстік Корея) Корпоративтік оқу орталығында Банктің 19 жұмыскеріне апталық оқыту өткізілді.

Клиентке қызмет көрсету сервисі, қызмет көрсету сапасының стандарттары, сатылымдар техникасы, тиімді қарым-қатынас жасау, даулы мәселелерді шешу және т.б. бойынша 89 ішкі корпоративтік тренинг өткізілді. Сыртқы оқыту аясында ҚР аумағында және таяу шет елде 445 жұмыскер оқытылып, сертификат берілді.

9 917 әртүрлі дистанциялық курс, оның ішінде қызметтің тиісті бағыттары бойынша Банк қызметкерлері тесттен өткізілді.

## Аударма

«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы заңының, ономастика мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінің талаптарын сақтау мақсатында Банк банктің өнімдері мен қызметтері туралы қажетті ақпараттың клиенттерге қазақ тілінің грамматикалық және стилистикалық нормаларына және бекітілген терминологияға сәйкес берілуіне ерекше назар аудара отырып, ішкі және сыртқы құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Клиенттерге қызмет көрсету процестері бойынша Банктің ішкі нормативтік құжаттарын мемлекеттік тілге аударуды жүзеге асырады, банк модульдерінің интерфейсін аудару арқылы клиенттерге қазақ тілінде қашықтан банктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Аударма бөлімі Банктің шетелдік серіктестерімен және клиенттерімен ынтымақтастық құру аясында түрлі материалдар мен жұмыс барысындағы кездесулерді ағылшын тіліне/ағылшын тілінен жазбаша және ауызша аударуды қамтамасыз етеді.

2018 жылы Аударма бөлімі жазбаша аударуға берілген 13,5 мыңнан астам өтінімдерді орындады, оның ішінде қазақ тілі бойынша 10 мыңнан астам, ағылшын тілі бойынша 3,5 мыңнан астам өтінім бойынша аударма жасалды.

## Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитет

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Адам ресурстарын басқару мәселелері жөніндегі комитеті есепті кезеңде 26 мәжіліс (комитет мүшелерінің қатысуымен 14 мәжіліс және сырттай 12 мәжіліс) өткізді. Комитет жұмысының аясында марапаттау және тәртіптік жаза қолдану, басшы лауазымдарына тағайындау, сонымен қатар Банк жұмыскерлерін жеке бағалау қорытындысы бойынша мәселелер қаралды.

# Корпоративтік басқару және корпоративтік оқиғалар



**2013 жыл...**

Банктің 2013-2017 жж. орта мерзімді кезеңге арналған жаңа даму стратегиясы әзірленді.

IT стратегиясының негізгі жобасы – дайын шешім пакетінің негізінде жаңа автоматтандырылған банктік жүйе құру өз жұмысын бастады.

Клиенттерге қызмет көрсетудің балама арнасы – өзіне-өзі қызмет көрсету терминалы іске қосылды.

Изумруд квартал

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тағы корпоративтік басқару акционерлер жиналысында бекітілген (2006 жылғы 26 мамырдағы хаттама, 5.1-тармақ), кейін акционерлердің жиналысында бекітілген (2009 жылғы 30 сәуірдегі хаттама, 6.1-тармақ, 2013 жылғы 26 сәуірдегі хаттама, 5.1-тармақ, 2015 жылғы 24 сәуірдегі хаттама, 4.1-тармақ, 2018 жылғы 27 сәуірдегі хаттама 4-тармақ) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

**«Банк ЦентрКредит» АҚ–тағы корпоративтік басқару келесі ұстанымдарға негізделген:**

1. Корпоративтік басқару Банк акционерлері мен қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүддесін құрметтеуге негізделген және оның тиімді қызмет етуіне, оның ішінде активтерінің құнын арттыруға, қаржылық тұрақтылығын берік ұстап тұруға, табыс алуына, сондай-ақ жұмыс орындарын ашуына ықпал етеді.
2. Банктің тиімді қызметі мен инвестициялық тартымдылығының негізі – корпоративтік басқаруға қатысушылардың барлығының өз қызметін жүзеге асыруының ашықтығы. Корпоративтік басқарудың ұстанымдары Банкті басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынаста өзара сенімділікті орнатуға бағытталған.
3. Корпоративтік басқару тәжірибесі акционерлерге қоғамға қатысуына байланысты өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға нақты мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі қажет.
4. Банктегі корпоративтік басқару тәжірибесі акциялардың бір түрін иеленетін акционерлерге бірдей қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Құқықтары бұзылған жағдайда, барлық акционерлер тиімді қорғалу мүмкіндігіне ие болады.
5. Корпоративтік басқару тәжірибесі Директорлар кеңесінің Банк қызметін стратегиялық басқаруын және Басқарманың қызметін тиімді бақылауын, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелерінің өз акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз етуі қажет.
6. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банктің атқарушы органдарына (Басқарма) Банктің ағымдағы қызметін саналы түрде, адал, тек Банктің мүддесінде ғана тиімді басқару мүмкіндігін, сондай-ақ атқарушы органдардың (Басқарма) Банктің директорлар кеңесі мен акционерлеріне есеп беруін қамтамасыз етуі қажет.
7. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банк акционерлері мен инвесторларының негізді шешім қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Банк туралы, оның ішінде оның қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, меншік және басқару құрылымы туралы толық және шынайы ақпаратты уақытылы жария етуді қамтамасыз етеді.
8. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банктің активтерін, Банктің акциялары мен бағалы қағаздарының құнын ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында мүдделі тұлғалардың, оның ішінде Банк жұмыскерлерінің заңнамада көзделген құқықтарын есепке алуы және Банк пен мүдделі тұлғалардың белсенді ынтымақтастығын қолдауы қажет.
9. Корпоративтік басқару тәжірибесі акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Банктің қаржылық-шаруашылық қызметіне тиімді бақылау жасауды қамтамасыз етуі қажет.
10. Корпоративтік басқару тәжірибесі Банктің өз қызметін жүзеге асыру барысында қоршаған ортаны қорғау қажеттігін есепке алуы қажет.
11. Бұл принциптер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Экономикалық ынтымақтастық және дамыту ұйымының (ЭЫДҰ) корпоративтік басқару принциптерін, корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибені назарға ала отырып қалыптастырылған.

## АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖИНАЛЫСТАРЫ:

**2018 жылғы 27 сәуірде күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілді:**

1. 2017 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі.
2. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2017 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігін бекіту.
3. «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2017 жыл бойынша таза кірісін бөлу тәртібін бекіту.
4. «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту.
5. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы.

Келесі шешімдер қабылданды:

1. 2017 жылғы қызметінің нәтижесі туралы «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқармасының есебі бекітілсін.
2. «KPMG» Халықаралық аудиторлық компаниясы бекіткен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың 2017 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.
3. 2017 қаржы жылы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивиденд төленбесін.
4. 2017 жыл бойынша 30, 301 млрд (отыз миллиард үш жүз бір миллион) теңге сомасындағы таза кіріс Банктің резервтік капиталы құрамында қалдырылсын.
5. «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

   5.1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционері болып табылатын Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы қоса есептегенде 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің құрамына сайлансын.

   5.2. Үшбаев Әнуар Даниярұлы қоса есептегенде 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор лауазымына сайлансын.

**2018 жылғы 21 қыркүйекте күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді:**

1. «Банк ЦентрКредит» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту.
2. 2018 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу және 2018 жылдың алты айы бойынша шолу жасау үшін KPMG аудиторлық компаниясын бекіту туралы.

Келесі шешімдер қабылданды:

1. 2018 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу және 2018 жылдың алты айы бойынша шолу жасау үшін KPMG аудиторлық компаниясы бекітілсін.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі тұрақты түрде мәжіліс өткізіп отырды. Есепті кезең ішінде 4 мәжіліс өткізді. Мәжілісте 2017 жыл бойынша шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекіту, акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім, «Банк ЦентрКредит» АҚ Жарғысына және «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі, ЦентрКредит Банкінің 2018–2022 жылдарға арналған даму стратегиясын актуализациялау бойынша ұсыныстар, Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің және олардың жеке құрамының тізбесі, 2018 жылғы бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша Банктің басқарушылық есептілігі, бөлшекті бизнесті дамыту шаралары, 2019 жылға арналған Банк бюджетінің жобасы, ҚР екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасының талаптарын орындау, кредиттеу процесін оңтайландыру концепциясы және тағы басқа мәселелер қарастырылды.

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы 304 қаулы қабылдады.

2018 жылғы 1 наурызда Владимиров Руслан Владимирович 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымына сайланды.

Директорлар кеңесінің 25.06.2018 жылғы №162 қаулысымен Басқарушы директор, Басқарма мүшесі лауазымын Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына өзгерту туралы шешім бекітілді. Лауазымдардың атауының өзгеруіне байланысты Басқарма құрамына 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен: Ишмұратов Тимур Жақсылықұлы, Асылбек Ержан Асылбек Ұлы, Владимиров Руслан Владимирович, Әділханов Бұлан Әділханұлы сайланды.

Осы қаулымен Бөбеева Жанна Сапарәліқызы 2022 жылы акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі өкілеттік мерзімімен Басқарма төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына сайланды.

Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелері 2018 жылғы 27 ақпаннан бастап Жақсыбек Дәурен Әділбекұлының және 2018 жылғы 1 наурыздан бастап Черьязданов Салават Калымгазиновичтің өкілеттігінің мерзімінен бұрын тоқтатылғаны туралы хабарланды.

## 01.01.2018 жылдан бастап 31.12.2018 жылға
## ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ:

| № п/п | Директорлар кеңесі мүшесінің аты-жөні | Лауазымының атауы | Директорлар кеңесінің құрамына сайланған/ қайта сайланған күн | Директорлар кеңесі құрамынан шыққан күн | Соңғы үш жылда атқарған қызметі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Байсейітов Бақытбек Рымбекұлы (1958ж.т.) | Директорлар кеңесінің төрағасы | 2017 жылғы 19 мамыр | | **1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; **1996 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** Қазақстан банктері қауымдастығының Президенті; **2003 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «BCC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; **2013 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** ЕуроАзиялық ынтымақтастықтың Қаржы-банктік қауымдастығының (ЕАЫ ҚБҚ) президенті. |
| 2 | Ли Владислав Сединович (1957ж.т.) | Директорлар кеңесінің мүшесі | 2017 жылғы 19 мамыр | | **1998 жылдан 2017 жылға дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Басқарма төрағасы; **2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. |
| 3 | Аманқұлов Жұмагелді Рақышұлы (1956ж.т.) | Директорлар кеңесінің мүшесі | 2017 жылғы 19 мамыр | | **2005 жылдан 2017 жылға дейін –** «BCC Invest»АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; **2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. |
| 4 | Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы | Директорлар кеңесінің мүшесі | 2017 жылғы 19 мамыр | 2018 жылғы 27 ақпан | |
| 5 | Черьязданов Салават Калымгазинович | Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор | 2017 жылғы 19 мамыр | 2018 жылғы 01 наурыз | |
| 6 | Claes Werner Frans Josef (1964ж.т.) | Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор | 2017 жылғы 19 мамыр | | **2008 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «Жаһандық қаржы консалтингі» Президенті; **2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «International Financial Consulting Ltd» компаниясының аға кеңесшісі; **2010 жылдан 2018 жылға дейін –** «International Financial Consulting Ltd» компаниясының Директорлар кеңесінің мүшесі; **2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директоры; **2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін –** «Hamkorbank» АКБ Директорлар кеңесінің мүшесі; **2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін –** «БАНК УРАЛСИБ» ПАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. |
| 7 | Хұсаинов Ғалым Әбілжанұлы (1982ж.т.) | Директорлар кеңесінің мүшесі | 2018 жылғы 27 сәуір | | **2015 жылдан 2017 жылға дейін** «АИФРИ GREEN INVEST» АҚ президенті; **2017 жылғы наурыздан 2017 жылғы мамырға дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының кеңесшісі; **2017 жылғы мамырдан бастап** «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі; **2017 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі кезге дейін** «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Басқарма төрағасы; **2018 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. |
| 8 | Үшбаев Әнуар Даниярұлы (1988ж.т.) | Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор | 2018 жылғы 27 сәуір | | **2016 жылдан 2018 жылға дейін** Tengri Capital Merchant Banking & Asset Management (Алматы, Қазақстан) (бұрынғы атауы - VISOR Capital) – Инвестиция бойынша директоры және Активтерді басқару бойынша бөлім басшысы; **2018ж.** Tengri Capital Merchant Banking & Asset Management (Алматы, Қазақстан) (бұрынғы атауы – VISOR Capital) – Басқарма төрағасы және Инвестиция бойынша директоры. **2018 жылғы сәуірден қазіргі уақытқа дейін –** «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. |

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Директорлар кеңесі жанында келесі комитеттер іс-әрекет етеді: Аудит комитеті, Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті, Бас офистің кредит комитеті, Стратегиялық жоспарлау комитеті, Тағайындаулар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

### Аудит комитеті

**Аудит комитетінің құрамы:**

1. Werner Claes – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
2. А.Д.Үшбаев – Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор
3. В.С.Ли – Директорлар кеңесінің мүшесі

Комитеттің осы құрамы Директорлар кеңесі мәжілісінің 18.05.2018 жылғы хаттамасымен бекітілді. Комитеттің өкілеттігі, кворум, шешім қабылдау тәртібі Директорлар кеңесінің 12.06.2013 жылғы №69 қаулысымен бекітілген «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Аудит комитеті туралы қағидасында» көрсетілген.

2018 жылы Аудит комитеті 4 мәжіліс өткізіп, онда 16 мәселені қарастырды. Оның ішінде 11 мәселе Ішкі аудит қызметінің жұмысына (басқарушылық есептілік, ішкі аудит жоспары, сондай-ақ ұйымдастырушылық және Ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне қатысты өзге мәселелер); екі мәселе сыртқы аудиторлар қызметіне («КПМГ Аудит» ЖШС) қатысты және үш мәселе Банктің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ақпаратқа байланысты қаралды.

Аудит комитеті Банктің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылатын, сондай-ақ Банктің Директорлар кеңесіне бағынатын және есеп беретін Ішкі аудит қызметінің қызметін бағыттайды.

### Директорлар кеңесі жанындағы қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті

**Комитеттің құрамы:**

1. Ли В.С. – Комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2. Аманқұлов Ж.Р. – Директорлар кеңесінің мүшесі;
3. Хұсаинов Ғ.Ә. – Директорлар кеңесінің мүшесі;
4. Асылбек Е.А. – Басқарма мүшесі;
5. Ишмұратов Т.Ж. – Басқарма мүшесі;
6. Владимиров Р.В. – Басқарма мүшесі;

Комитет хатшысы – Әбубәкіров Е.М.

Қаржыны және тәуекелдерді басқару комитеті 2018 жылы кезекті 12 және кезектен тыс 20 мәжіліс өткізіп, екі жүздей шешім қабылдады.

Комитет бір жыл ішінде Банк қызметінің маңызды мәселелері бойынша, атап айтқанда:

- активтердің құрылымын, міндеттемелерді және капиталды басқару;
- өтімділікті, қаржылық және валюталық тәуекелдерді басқару;
- пайыздық саясатты, баға белгілеуді басқару;
- кредиттік және депозиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
- пруденциалдық және басқа реттеуші нормативтерді, ішкі лимиттерді орындау;
- қаржы нарығын, бәсекелес ортаны, ҚР-дағы банк секторын талдау жөніндегі мәселелерді қарастырып, өзекті шешімдерді уақытылы қабылдады.

Нәтижесінде Банктің қаржылық көрсеткіштерін, рентабельділігін, активтердің әртараптандырылуын, бизнестің тұрақтылығын, капиталдың жеткіліктілігін, банк өнімдерінің клиенттер үшін тартымды болуын жақсарту бойынша іс-шаралар өткізілді.

### Бас офистің Кредит комитеті

Директорлар кеңесінің 06.12.2010 жылғы №282 қаулысымен бекітілген «Бас офистің Кредит комитеті туралы қағидаға» Директорлар кеңесінің 04.01.2018 жылғы №5 және 27.07.2018 жылғы №190 қаулыларына сәйкес өзгерістер енгізілді.

Өзгеріс Комитеттің құрамына қатысты болды: Комитеттің қажетті кворумын қамтамасыз ету және сатылымдар бөлімшелерінің жауапкершілігін күшейту үшін Комитеттің міндетті мүшелерінің тізіміне Кредиттік тәуекелдер департаментінің Кредиттік талдау басқармасының бастығы және бөлшекті бизнес тобын бағыттайтын Басқарушы директор қосымша енгізілді.

Өңірлік кредиттік талдау орталықтары қызметкерлерінен алынған клиенттердің төлеуге қабілеттілігі мен кредитті өтеуге қабілеттілігіне талдау жасау бойынша кредиттеу мәселесін қарастыруға арналған міндетті құжаттардың тізімі жаңартылды.

2018 жылы Бас офистің Кредит комитетінде 732 мәселе қарастырылды. Оның ішінде 169-ы жаңа қаржыландыру туралы өтінімді құрайды:

- Заңды тұлғалардың 140 өтінімі,
- Жеке тұлғалардың 29 өтінімі.

2018 жылы Бас офистің Кредит комитетінде қарастырылған өтінімдер:

- Заңды тұлғалардың 129 өтінімі мақұлданды, ол заңды тұлғалардың қаржыландыру бойынша қарастырылған өтінімдерінің жалпы санының 92%-ын құрайды;
- Банктің ішкі процедураларына сәйкес келмеуіне байланысты кредиттік өтінімдердің 8% қабылданбады (11 өтінім).

Қаржыландыру туралы өтінімдермен қатар кредиттерге қызмет көрсетудің тұрақты процесін қамтамасыз етуге бағытталған, Банктің қолданыстағы қарыз алушылары бойынша қаржыландыру талаптарын өзгерту мәселелері жүйелі түрде қаралады.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар Бас офистің Кредит комитетінде Банктің бизнес-процестеріне қатысты келесі жалпы сипаттағы мәселелер қаралды:

- Кепілдік шығаруға арналған кепілдік міндеттемелердің жаңа нысандары бекітілді;
- Филиалдар мен Кредиттік талдау орталықтары бойынша «бір қарыз алушыға» өз бетінше кредит беру лимиттері қайта қаралды;
- Кредиттік тәуекелдер департаментінің және Операциялық тәуекелдер департаментінің филиалдар мен өңірлік кредиттік талдау орталықтарының кредиттік қызметін инспекциялау нәтижелері туралы есептері қаралды.

### «Банк ЦентрКредит» АҚ-тың Директорлар кеңесі жанындағы стратегиялық жоспарлау комитеті

**Комитеттің құрамы:**

1. Үшбаев А.Д. –
Комитет төрағасы, тәуелсіз директор, Директорлар кеңесінің мүшесі;
2. Байсейітов Б.Р. –
Комитет мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы;
3. Хұсаинов Ғ.Ә. –
